



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№5 (594)
6 ақпан,
2025 жыл



Лияс Өтетілеу:

АЛҒАШҚЫ РӨЛІМНІҢ МӘТІНІН ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖАТҚА БІЛЕМІН

2 ақпан. Астана қалалық музыкалық жас көрермендер театры. Көрерменге көп ұзамай ұсынылатын «Қоштасқым келмейді» музыкалық драмасына дайындық барысы. Сахнада эмоция, шынайылық, өнер. Ал сахна артында толқу, шабыт пен жауапкершілік. Дәл осы дайындық сәтінде бүгінде киелі сахнада өз орнын тапқан жерлесіміз, театр актері Лияс Өтетілеумен жүздестік.

Кез келген адам үшін туған жердің орны бөлек. Қайда жүрсе де, балалық шағы өткен мекенді аңсап тұрады. Қазір Астанада тұрып, өнер жолында жүрген кейіпкеріміз Қызылорда топырағында туып-өскен.

3-бетте

ТАЭКВОНДО ТЕМІРДІ ТӘРТІПТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

8

- бетте



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАМСЫЗ ҚАРТТЫҚТЫҢ КЕПІЛІ МЕ?

Зейнетақы – жылдар бойы жасаған еңбектің жемісі. Ал қаржылық тұрақтылық қай кезде болсын маңызды қажеттілік. Қазақстанның зейнетақы жүйесі үш деңгейден тұрады: базалық, міндетті және ерікті зейнетақы жүйесі. Бұл жүйе азаматтарды қаржылық тұрғыдан қолдауға және еңбекке жарамсыз кезеңінде тұрақты табыс алуға бағытталған. Алайда жүйеде бірқатар мәселе бар, соның ішінде жасқа байланысты шекті қаржы көлемі, зейнетақы қаражатын алдын ала пайдалану мүмкіндігі және еңбек өтілі жоқ азаматтардың зейнетақы алу құқығы. Мақаламызда сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

САНДАР СӨЙЛЕСІН

2025 жылдың қаңтар айының дерегі бойынша, елімізде 2 млн 451 мың зейнеткер бар. 2024 жылы жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 131 556 теңгеге жетсе, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 88 967 теңге, ал базалық зейнетақы – 42 589 теңгені құрайды. Өткен жылы республикалық бюджет есебінен 3 трлн 752,1 млрд теңге төленген. 1 трлн 182,3 млрд теңге базалық зейнетақыға, ал 2 трлн 569,8 млрд теңге ынтымақты зейнетақы төлеуге қаралған.

2-бетте



ПРОТОТИП: ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ ТҮПТҰЛҒА МЕН КЕЙІПКЕР

Әдеби шығармаларды талдау барысында жиі ұшырасатын «прототип», яғни «түптұлға» ұғымы жайлы білесіз бе? Прототип грек тілінен аударғанда «түпнұсқа, бастапқы бейне» деген мағынаны білдіреді екен. Ол – әдеби шығармадағы кейіпкер бейнесін жасауға негіз болатын, шын өмірде болған адам. Яғни, кейбір әдеби кейіпкердің түпкі тұлғасы нақты өмірде бар адамнан алынады.

Жазушы кейіпкердің болмысын, мінезін, тағдырын немесе өмір жолын шынайы адамнан алып, оны көркем шығармадағы образға айналдырады. Алайда әдеби кейіпкер тек көшірме емес, ол жазушының қиялымен, шығармашылық өңдеуімен жаңа сипат алып, көркемдік тұрғыда сомдалады. Прототип – әдебиет пен өнердегі маңызды ұғым. Ол шығармаға шынайылық беріп,

кейіпкердің «табиғилығын» арттырады. Алайда прототип пен көркем бейне бір ұғым еместігін ескеру қажет. Прототип – өмірдегі адам болса, ал көркем бейне – сол адамның негізінде жасалған әдеби кейіпкер. Жазушы прототипке сүйенгенімен, оның мінезін, өмірбаянын өзгертуі, жаңа сипат беруі мүмкін. Бұл шығармашылық процестің ажырамас бөлігі. Бүгінгі мақаламыз қазақ және әлем әдебиетінің жауһарына айналған қайталанбас туындылардағы кейіпкер мен түптұлғалар хақында болмақ.

4-бетте

Маржан Ердібек:

АҚШ-ТАҒЫ БІЛІМ МЕНІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА ДАМЫТТЫ

Lifelong learning – XXI ғасыр ұстазының талабы. «Мұғалім өмір бойы оқуы керек». Бұл – «Болашақ» бағдарламасының түлегі, С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің мұғалімі Маржан Ердібектің ұстанымы.

Студент кезінде дебат турнирлері, қоғамдық жұмыстардан тыс қалмайтын Маржан Кеңесқызы білім саласына өзіндік үлес қоса алатынын ерте аңғартты. Оқытушы ғана емес, ерік-жігері мықты ерікті ретінде де қоғамға танылды. Бұған халықаралық «ЭКСПО-2017» кезінде волонтер болуы, пандемия уақытында оқушыларға тегін сабақ өткізуі, Арыс округасында тұрғындарға көмек көрсетуге барғаны дәлел болса керек.

Ол 2023 жылы Огайо штаты университетінде магистратураны бітіріп, елге оралды. Ал былтыр ҚР Президентінің «Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы» кадрлық резерві жобасы бойынша көшбасшылар тізіміне енді.

Жуырда қала әкімінің «Самғау» жастар сыйлығын иеленген Маржан Кеңесқызымен білім саласы, атыелде оқу барысы туралы сөз қозғайды.

5-бетте

«ЖОП АШАМЫН»: ТЫЛСЫМНЫҢ ТҰЗАҒЫ

Болашағын болжап, ертеңін білуді қалайтындар аз емес. Бүгінгінің жастары астрология мен нумерологияға сенсе, өткен шақта баксы-балгерлердің жұлдызы жанып, сұраныс артқан еді. Бірі жолынды ашамын десе, енді бірі саған көз тиген деп назарыңды еріксіз өзіне аударады.

Осыдан бес жыл бұрын шаһардағы «Ескі базарда» сауда-саттықпен қатар бал ашып, мәселенің түйінін шешуге «көмектесетіндер» көп еді. Ал қазір сауда орындарынан баксылардың бірін де көрмейміз. Соған қарап



бұл саланы өштіге санаған едік. Дегенмен дәурендері әліде жүріп тұр екен.

«Muslim.kz» сайтындағы бір материалды көзіміз шалды. Ондағы ақпарат бойынша, баксы-балгерлер

рухани әлеммен байланыс орнатып, жын-шайтанмен күреседі және болашақты болжайды, көбіне дәстүрлі музыка аспаптарын пайдаланады, ал көріпкелдер болашақты болжайды және аян, түс жору арқылы ақпарат алады. Құмалақшылар қойдың құмалағын пайдаланып, ертеңінді болжаса, қарташылар карта арқылы болашағынды баяндап береді.

7

- бетте

Басы 1-бетте

Құрмет демалысына ерте шығу жолдары

Бәрімізге белгілі, елімізде ер азаматтар 63 жастан зейнеткер атанса, әйелдер 61 жастан осы санатқа енеді. 2027 жылға дейін 63 жасқа жеткенге кезек кезеңімен көтеріледі. Бұл әлі күнге дейін шешімін таппаған, қоғам арасында белсенді талқыға ие мәселе.

– Өмірімнің көп жылын ұстаздық етуге арнадым. Бүгінде, шүкір, құрметті демалысқа шықтым. Зейнетақы орташа деңгейде жеткілікті деп ойлаймын. Зейнет жасын уәкілетті органдар бекер белгілемеген. Десе де үздіксіз еңбек еткен жылдары елеусіз қалған денсаулығымыз бен жастығымыздың орнын толтыру, әсте, енді мүмкін болмасы анық. Қартайған шақта қазіргі қалпымызды түрлі дәрі-дәрмек, дәрумендермен ғана сақтауға болады. Бірақ азық-түлік бағасы жыл санап шарықтап келеді, ал дәрілердің құнын айтпасам да біліп отырсыздар.

Қоғамдық көлікпен қала арасында жиі қатынаймыз, коммуналды төлемдерді өтейміз. Осы орайда зейнеткерлерге арнайы жеңілдік қарастырылса деген тілегім бар. Тағы айта кетер ұсынысым: жылына бір рет еліміздің көрікті жерлерін аралауға, демалыс орындарына жолдама берілсе екен. Астана, Алматы секілді Қазақстанның ірі қалаларында егде жасқа жеткен қариялар үшін тегін үйірмелер бар. Біздің облыста осындай мекеме ашылса деймін, себебі бұрын

уақытынан бұрын зейнеткер болу үшін еңбек өтіліне қатысты нақты талаптар қойылмаған. Оның орнына азаматтың зейнетақы жинағының сомасы маңызды рөл атқарады. Яғни мерзімінен бұрын зейнетке шығуды қалаған азамат неғұрлым жас болса, оның БЖЗҚ-дағы жинақталған қаражаты да соғұрлым көп болуы қажет.

Зейнет аннуитеті туралы не білеміз?

Зейнетақы аннуитеті дегеніміз – азаматтарға зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымымен келісім жасасу арқылы өмір бойы тұрақты табыс алуға мүмкіндік беретін қаржы өнімі. Бұл жүйе зейнеткерлердің қаржылық тәуекелін төмендетуге және олардың әлеуметтік тұрғыда тұрақты болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Ерте зейнетке шығуды қалаған адамдар үшін зейнетақы аннуитеті тиімді болуы мүмкін. Ерлер 55 жасқа толғаннан кейін аннуитет алуға мүмкіндік алса, әйелдер 53 жастан бастап аталған шартты рәсімдеуге құқылы. 2024 жылдың қараша айында елімізде 106 мыңнан астам шарт тіркелген.

қаражатты мерзімінен бұрын пайдаға жарату үшін шекті сомма белгіленген: 20 жас – 3 260 000, 59 жас – 9 670 000 теңге, 62 жас – 9 890 000. Бұған қатысты да қоғамда пікірталас туды. Себебі жасы бар болғаны 20-дан енді асқандар мұндай қаражатты жинап үлгермейді. Тіпті олар ЖОО-ны да аяқтап үлгермеген. Дегенмен мамандардың айтуынша, зейнетақы қорының басты мақсаты – тұлғалардың зейнетке шыққандағы қажетті қаржылық тұрақтылығын сақтау.

2021 жылы зейнетақы жинақтарын ипотекалық қарызды өтеуге немесе ипотекасыз тұрғын үй сатып алуға пайдалануға болатыны айтылды. Өткен жылы бір реттік зейнетақы төлемдеріне 2 855 320 өтініш қабылданып, оның 1 880 496-сы мақұлданып, 3,7 трлн теңгеден астам қаржы жұмсалды. Ипотеканы зейнетақы қорындағы ақшамен төлеу үшін қордағы жинақ бекітілген шекті сомадан артық болуы қажет.

Аталған мүмкіндікті қолдану, қанша көлемде қаражат алуға болатындығын eGov пен eGov-mobile қосымшаларың немесе БЖЗҚ - Отбасы сайтының көмегімен білуге болады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ

ҚАМСЫЗ ҚАРТТЫҚТЫҢ КЕПІЛІ МЕ?

ЗЕЙНЕТАҚЫ

Оның артықшылығы – экономиканың тұрақсыздығы немесе денсаулықтың нашарлауы жағдайында азаматтарға тұрақты табыс алу мүмкіндігін береді. Бұл өнім қаржы нарығындағы төмен мөлшерлемелерге қарамастан, зейнеткердің тұрақты табысын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ «бірлескен зейнетақы аннуитеті» ұғымы бар. Бұл әдісті мынадай жағдайда қолдануға болады: егер ерлі-зайыптылардың біреуінің зейнетақы жинағы жеткіліксіз, ал екіншісінде артық қаражат болса, бірлескен зейнетақы аннуитеті арқылы екеуі де өмір бойына төлем алу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл жағдайда әрқайсысына жеке төлемдер кестесі жасалады. Неке

бұзылса, төлемдер ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,4 есесінен төмен болмайды. Біреуі қайтыс болғанда, екіншісі аннуитет бойынша төлемдерін (КД 0,7 есесінен кем емес) ала береді. Бұл қаржылық тәуекелдерді азайтады.

Алайда зейнеткерлік аннуитеттің кемшін тұстарын да ескере кету керек. Қаржы өнімінің кірістілігі шектелген, кейде төлем сомасы төмен болуы мүмкін, сондай-ақ келісімшартта шоттағы қаражатты мұраға қалдыру мүмкіндігі қарастырылмайды.

Қордағы қаражатты мерзімінен бұрын жұмсағыңыз келсе...

Иә, зейнетақы қорындағы қаражатты мерзімінен бұрын жұмсауға болады. Кеңінен тоқталсақ, Зейнетақы қорындағы

Әлем елдерінің ішінде тек Қазақстанда ғана емделу мақсатында зейнетақы қорындағы қаражатты қолдануға болады. Тісті емдеу, түрлі диагностикалық зерттеулер, отадан қалған тыртықтарды реконструкциялау (пластикалық операция) және өзге де медициналық қызметтерді аталған зейнетақы есебінен тегін пайдалануға мүмкіндік бер.

Жұмыс өтіліңізсіз-ақ зейнетақы алуға болады

2018 жылдан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі әрбір алушыға зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне сәйкес жеке тағайындалады. Бұл ретте 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтілі ескеріледі. Ол еңбек өтілі еңбек кітапшасы арқылы расталады, ал егер кітапшасын немесе өзге де қажетті дәлелді құжаттар болмаған жағдайда, сот шешімі арқылы анықталады. 10 жылдан кем немесе мүлде жұмыс істемеген азаматтарға 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап 32 360 теңге базалық зейнетақы тағайындалады, яғни ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% көлемінде болмақ.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы зейнетақы қорының мәселесі тек экономикалық тұрғыдан емес, сонымен қатар қоғамның рухани және әлеуметтік тұрғысынан да қарауды талап етеді. Ерен еңбекпен еліміздің дамуына үлес қосқан әрбір азамат лайықты зейнетке қол жеткізуі тиіс. Дана халқымыз «Қарты бар ел – қазыналы ел» демекші, әрбір қарт адамның өмірлік тәжірибесі мен даналығын құрметтеуге тиіспіз. Сондықтан мемлекет те, қоғам да олардың еңбегін бағалап, бейнетінің зейнетін көретіндей жағдай жасауы қажет.

Нұршат НЫШАНОВА

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР ҚУАНТАДЫ

Қызылорда облысында коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру және тарифтік саясатты реттеу мәселесі бірқалыпты жолға қойылған. Мысалы өткен жылы аймақтағы электр, су, жылу және газбен жабдықтаушы ұйымдардың тарифтері қайта қаралып, инвестициялық бағдарламалар бекітілді. Сонымен қатар коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Биыл да бұл бағыттағы он өзгерістер одан әрі жалғасын тауып, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға басымдық берілмек.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті 53 реттелетін қызмет түрі бойынша 33 табиғи монополия субъектісінің қызметін бақылайды. Оның ішінде 6 субъект ұзақ мерзімге бекітілген тарифтермен жұмыс атқарады. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында департамент басшысы Айбек Егембергенов баяндап, өткен жылғы қызметтерін баяндады.

– 2023 жылы басталған «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында өткен жылы 4 субъектінің тарифтері қайта қаралды. Сонымен қатар, «QazaqGaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының жергілікті атқарушы органдардан мүлікті сенімгерлік басқаруға алу шартына сәйкес, қараша айынан бастап тауарлық газды тарату қызметінің тарифі 1 000 м3 үшін 5 941,35 теңгеден 5 990,10 теңгеге өзгертілді. Тарату тарифінің өзгеруінен, «халық үшін» тұтынушылар тобының тауарлық газды бөлшек саудада өткізу бағасы да 17 741,6 теңгеден 17 862,66 теңгеге өзгертілді. Сонымен бірге, қоғамдық маңызы бар нарық субъектілерінен электр энергиясын бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын өзгерту туралы 9 хабарлама түсіп, бағалар өзгертілді, – деді департамент басшысы.

Мұнан бөлек, бекітілген тарифтік сметалары мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуына талдаудың қорытындысымен 14

субъектіге 20 қызмет түрі бойынша уақытша өтемдік тарифтер бекітіліп, қолданыстағы тарифтер 0,04%–47,7% аралығында төмендеген. Ал тұтынушыларға қайтарылатын қаржы 523,4 миллион теңгені құрады.

– Өткен жылы департаментпен 16 тексеру жүргізіліп, оның 8 бойынша заң бұзушылық анықталды және 55,7 миллион теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынып, оның барлық сомасы мемлекеттік бюджетке өндірілді. Ал коммуналдық желілердің тозу деңгейіне қатысты «Тарифті инвестицияға айырбастау» тарифтік бағдарлама шеңберінде 2024 жылы 4 табиғи монополия субъектілеріне бекітілген инвестициялық бағдарламасындағы іс-шараларға өзгеріс енгізілді. Департаменттің және облыстық энергетика басқармасымен «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының инвестициялық бағдарлама сомасы бюджеттік қаражат есебінен 2 719,7 млн. теңгеге өзгерді.

Атқарылған жұмыстар нәтижесімен тұрғын үй-коммуналдық секторда қызмет көрсететін өңірміздегі ірі табиғи монополия субъектілері желілерінің тозу деңгейі 2024 жыл соңында электр желілері 63,4%, жылу желілері – 42,1%, ауыз су желілері – 15,9%, көріз желілері – 17,07%-ды құрады, – деп бөлісті Айбек Егембергенов.

Ақпарат алаңында өткен брифинг барысында департаменттің алдағы жоспары да таныстырылды. Спикердің айтуынша,



былтыр «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы бекітіліп, энергетикалық және коммуналдық секторлардың қолданыстағы активтерін жаңғырту және жанарту, авариялар деңгейін 20%-ға төмендету, энергетикалық және коммуналдық активтердің тозу деңгейін ел бойынша орта есеппен 40%-ға дейін төмендету күтіледі. Ал Ұлттық жобаның мақсаты – халыққа коммуналдық қызметтерді сенімді әрі сапалы көрсетуді және ел экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту.

– Ұлттық жоба аясында өңірдегі ірі табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларына өзгерістер енгізуге өтінімдер ұсыну үшін растайтын құжаттардың әзірлігі Департаментпен облыстық энергетика

басқармасымен бірлесіп тиісті өзгерістер енгізу жұмыстары жүргізіледі. Бұл ретте, Ұлттық жобада айқындалған қаражат көлемі дайын құжаттамалардың құнына қарай түзетулер енгізілетін болады.

Сонымен бірге, мемлекет басшысының өткен жылғы қыркүйектегі жолдауында коммуналдық қызметтерді есептеу мен төлеуге жаңа тәсілді енгізу көзделіп отырған «көп тұтынасың – көп төлейсің» қағидаты бойынша коммуналдық ресурстарды тұтынудың нақты нормаларын енгізу қажет екенін атап өтті. Осы ретте, су ресурстарын тұтыну мәдениетін арттыру және тұтынушыларды су мен жылу үнемдеуге ынталандыру үшін табиғи монополиялар туралы заңнамаға «тұтынудың әлеуметтік нормалары» ұғымы енгізілді, – деп хабарлады спикер.

«АЖ» ақпарат



Илияс ӨТЕТІЛЕУ:

Басы 1-бетте

АЛҒАШҚЫ РӨЛІМНІҢ МӘТІНІН ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖАТҚА БІЛЕМІН

«МЕРУЕРТ ӨТЕКЕШОВА
ҚОЛЫМНАН ЖЕТЕКТЕП АПАРДЫ»

– Білуімізше, Қазақ Ұлттық Өнер университетіне дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алдыңыз. Екі түрлі мамандықты таңдауға не себеп?

– Театрда тәжірибе жинап, алаңсыз жүрген шақта мектеп тәмамдайтын күн де келді. Бала арманымның артынан еріп, Қазақ Ұлттық Өнер университетіне түсемін деп шешім қабылдадым. Дегенмен, көздеген арманым көкке ұшып, Астанаға оқуға түсе алмай, қалада қалдым. Осылайша анамның кеңесін тындап, журналистикаға аяқ бастым. Бірақ қаладағы театрдан бір сәт те қол үзбедім. Сабақ екеуін қатар алып жүрдім.

Мектептегі 11 жылдың өзі тез өтсе, студенттік

мау да сенімділік пен төзімділікті талап етеді. Осы орайда іні-қарындастарыңызға кеңес айтсаңыз.

– «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің студенті болғым келеді, қандай кеңес бересіз?» деп сөйлесуге келетін жасөспірім көп. Оларға әрдайым өнерде сәтсіздіктің жиі болатынын айтамын. Бастысы біліміңе, ізденісіңе, еңбегіңе сеніп, сәтсіздікке тәжірибе ретінде қарау керек. Біреуге бақ ерте, екіншісіне кеш келеді. Яғни, шығармашылық адамының жолы әртүрлі. Бірақ ең бастысы үміт үзбеу қажет. Мені де алға жетелеген, әлі де жетелеп жүрген, болашақта да жетелейтін, осы үмітім.

19 МИНУТТАҒЫ АНШЛАГ
250 РЕТ САХНАЛАҒАН «ГАУҺАРТАС»

– Бүгінде Музыкалық жас көрермен театрында әр өңірден жиналған 70-ке жуық актер жұмыс істейді. Өнер ошағының тыныс-тіршілігі қандай?

– Өзіңіз де білесіз, елордалық жастарға арналған бұл театр 2020 жылы көрерменге есігін айқара ашып, жұмысын бастаған болатын. Театр туралы тілге тиек еткенде осы сахнамен байланысты өмірімдегі оқиға ойыма еріксіз келеді.

Болашақ театртанушы ретінде білім алып жүргеніме бір жылдан асқан уақыт. Музыкалық жас көрермен театры сахналаған «Chanel №5» деректі драмасын тамашалауға келдім. Соңғы к а т а р д а отырған мені

Келесі күні анам сабаққа келді. Ал ертесіне Асхат Маемиров мені Астанаға алып кетті. Театрға келуім осылай болды.

Ішкі «кухня» жөнінде айтар болсам, театр – бір отбасы, бір ағза. Мектеп қабырғасынан бастап үйреткендей, біздің ұжымда да әр қызметкер бір-бірін толықтырып тұрады. Өнердегі әкеміз Асхат ағай өнерде де, өмірде де жасандылықты ұнатпайды. Оның басты қағидасы – сахнада шынайы болу. Расымен, қазір ата-анамызбен қалай сөйлесеміз, өмірде қандаймыз дәл соны сахнаға алып шығу керек. Көрерменді алдау мүмкін емес, олар жасандылықты бірден сезеді. Сондықтан театр – шынайы өмірдің айнасы болуы тиіс. Көрермен сахнадан өз өмірін, өзіне таныс эмоцияларды көргенде ғана спектакльге сенеді. Біз үшін ең маңыздысы – көрерменнің бізді шынайы қабылдауы.

Аты айтып тұрғандай, біздің театр жастарға арналған қойылымдар қояды. Барлық спектакльдер музыкалық бағытта өтеді. Мұнда әртістердің музыкалық білімі бар, 70 актердің барлығы да ән айтып, билейді, сахнада біртүгес әулетімізбен өнер көрсетеді. Осы ерекшелігіміз көрерменге қатты ұнап жатыр. Әр қойылыммызды аншлаптан өтеді. Сондай-ақ мұнда поэтикалық кештер, театр әлеміне арналған концерттер, түрлі бағдарламалар өтеді. Ән айтып, би билеп қана қоймай, өнердің сан қырын көрсетеміз.

Ал лабораториялық залда дайындық өткізіп, спектакльдер қоямыз, кіші залда қойылымдар сахналаймыз. Театр актерлерінің шеберлігін арттыру үшін өз аразымыз да өнер көрсетіп, бір-бірімізге жаңа қырларымызды ашып отырамыз.

Театр – жалынды жастардың мекені. Алғаш рет бұл театрға көрермен ретінде келгенімді айтқан едім. Міне, сол кезде сахнада «Chanel №5» спектаклі қойылып жатқан еді. Сол уақытта маған әртістердің жалынға толы энергиясы сезілді. Актерлікке түсе алмағаны үшін көңіл-күйі түсіп жүрген Илиястың екінші тынысы ашылды, қанаттанды, серпілді. Театрға, өнерге деген махаббатым қайта жанданды. Сол кезде топтасым «Бұйырса сіз де осы сахнада өнер көрсетесіз» деп қолдау білдірді. Қазақ сөз қадірін білетін, түсінетін халық. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, топтасымның айтқаны айдай келді. Тағдырдың жазуы шығар, тура екі айдан кейін дәл сол спектакльде өзім сахнаға шықтым.

– Ал театрдың көрерменмен байланысы қандай?

– Театр тенденциясы жылдам дамып келеді. Бұрынғыдай билетті тегін тарату, кинап оқушыларды жинау жоқ. Көрермен өзіне не ұнайтынын біледі. Мысалы 19 минуттың ішінде бір айлық репертуардың аншлағ болғаны да бар. Бұл біз үшін үлкен жетістік, жаңа серпін болды. Өнер әлемінде, әсіресе театрда, ең басты дүние – көрерменнің сұранысын ескеру. Мәселен «Гауһартаст» спектаклі өткен жылы 250 рет сахналанды.

Сондай-ақ халықтың қазіргі көңіл-күйі мен жағдайын ескеріп, қойылым ойластырамыз. Театр көрерменге өз мәселелерін ұмыттырып, рухани демалыс сыйлауы керек.

– Ақпан айында 25-ке жуық қойылымды сахналайсыздар. Ал рөл бөлінісі қалай жүзеге асады?

– Асхат ағай шәкірттерін бала-сындай жақсы көреді. Барлығымызды басты рөлдерде көргісі келеді. Сол үшін ол кісіге оңай емес. Дегенмен, ұстаз баласының деңгейін, қабілетін жақсы біледі. Сондықтан рөлдерді әділ бөледі.

– Өткен жылы киноиндустрияда дебютыңыз болды. Театр мен кинодағы айырмашылық сезілді ме?

– Театрды бекерден – бекер үлкен өнерге теңемейді. Ол тірі ағза іспетті, жанды спектакль, дубльге жол жоқ. Ал киноның жеңілдігі осында, бірақ бұл саланың өз қиындықтары да бар. Ол үшін де дайындық керек. Ал камерамен жұмыс істеу оңай дүние емес.

Мысалы қойылым барысында көрерменмен байланыс орната аламыз. Олар күледі, шапалақтайды, жылайды. Бұл байланыс бізді қанаттандырып, одан әрі жақсы ойнауға шабыт береді. Ал кино түсірілімінде кері байланыс жоқ. Барлығын тек дайын өнім жарыққа шыққаннан кейін байқайсыз.

Иә, өткен жылы «12:00» телесериалында жас опердің рөлін сомдадым. Эпизодтық рөл болса да, мен үшін үлкен тәжірибелік қорымды кеңейтті. Алғашқы жұбым – Берік Айтжанов.

Ең қызығы, 2021 жылы, мен Астанаға жол жүріп кеткенімде анам түс көрген. Ол түсінде мені Берік Айтжановқа табыстап, ағаның қолынан ұстап, қасынан қалмауымды өтінген екен. Осы түстен кейін анам хабарласып, ақ батасын берген еді.

– Қызықты оқиғаларыңыз бен жауабыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлия ТӘЖІБАЙ

– Илияс, алыста жүрсеніз де, туған жердің жылы желі мен таныс көшелері жиі еске түссе ме? Сағыныш сезімін сөзбен жеткізу қиын ғой...

– Қызылорда алғашқы қадамым жасалған, өнерге құштарлығым оянған, ең бастысы, балалық шағым өткен жер ғой. Әрине, сағынбау мүмкін емес. Қазір Астанада жүрсем де, туған қаламның аптап ыстығы, кешкі самалы, таныс көшелері көз алдымнан кетпейді. Кейде сары күзде сарғайған жапырақтарды көргенде, Сырдарияның жағасында өткен күндерімді еске аламын. Ал қызылордалықтардың қонақжайлығы, адамдардың кен пейілі мен үшін ерекше қымбат. Сөзіңізбен келісемін, сағынышты жеткізу қиын.

– Елордаға қоныс аударғаныңызға төрт жылға жуықтады. Екі қаладағы айырмашылықты байқадыңыз ба?

– Астана – үлкен мүмкіндік алаңы. Көрермен де, өнер адамдары да көп. Дегенмен мұндай мүмкіндіктер Қызылорда да бар. Сонымен қатар аймағымыз өзіндік рухы мен дәстүрі бар ерекше мекен. Әрі ұлттық құндылықтар мықты сақталған. Айтарым, екі қаладағы мүмкіндіктер бірдей. Тек оны дұрыс пайдалану қолдану қажет.

«Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмаған. Астанада жүрсем де, қызылордалық екенімді әрдайым мақтан етемін. Қай салада болсын биіктерді бағындырған жерлеріміз аз емес. Бұл Сыр елінің киелілігінің бір көрінісі. Сол жақта көргенім, үйренгенім, ұстаздарым мен ағаларымның берген тәлімі мен үшін баға жетпес қазына. Қайда жүрсем де, сол қолдауды сезінемін.

– Өркімнің өнерге келу жолы әртүрлі. Ал сіз бұл салаға қалай бет бұрдыңыз?

– Кейде «Мен өнерге жайдан жай келмедім» деп ойлаймын. Себебі шығармашылыққа жақындағым анамның сүтімен дарығандай. Мен айтыскер ақын Айнагүл Абуованың үлкен ұлымын.

Оқушы шағымда анам театрға әкеліп, алғашқы ұстазым Оңталап Нұрмаханов ағайға табыстады. Бұл шақта 10-сыныпта оқимын. Міне, 16 жастағы Илияс сол кезеңнен бастап театрдың ішкі әлемімен танысты. Бір күн де қол үзген емеспін. Осылайша, Қызылорда қалалық «Жастар» театрының бір мүшесі атандым. Тек ол уақытта үйірме ретінде жұмыс істедім. Сол кезеңнен бастап 12-13 мың теңге көлемінде еңбекақы ала бастадым. Бұл өнер жолындағы алғашқы табысым еді.

– Ұстазыңыз туралы айтып қалдыңыз. Ал шығармашылық саласында кімді үлгі санайсыз?

– Бұл сұраққа жауап беру қиын. Себебі өнерде нақты бір адамды үлгі тұтамын деп айта алмаймын. «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, өзімнің дара жолымды қалыптастырғым келеді. Аға буыннан бастап, кейінгі толқынға дейінгі көптеген талантты жандардың еңбегімен танысып, олардың шығармашылығын құрметтеймін.

– 16 жастағы Илиястың театрдағы алғашқы рөлі қандай болды?

– 2016 жылы Қанат Жүнісовтің «Алғашқы махаббат» қойылымында Қайыржанның рөлін сомдадым. Бұл менің алғашқы рөлім, алғашқы кейіпкерім, сахнадағы дебютім еді. Сондықтан болар, әлі күнге дейін мәтінін жатқа білемін. Себебі бұл рөл мен үшін ерекше. Спектакль мектеп оқушылары туралы, ал Қайыржан тура өзім сияқты кейіпкер болды. Оны сомдау кезінде өзімді ойнап шыққандай әсерде болдым.

Кейін А.Атымтаеваның «Қыз қасқыр» трагедиясында Тасшайнар, Б.Айдарбековтың «Неге?» драмасында Мұрат, О.Нұрмахановтың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» трагифарсында жас Абай мен Айдар атты кейіпкерді сомдадым. Одан бөлек, аймақта жүргенде С.Балгабаевтың драматургиясымен «Қызылорданың қыздары» атты қойылымында режиссерлік қызмет атқардым. Ал Астанада «Абай-Тоғжанда» Оспаннның, «Шәмшіде» Жүмекен Нәжімеденовтің, «Сылаң қызда» Өмірзақ, «Гауһартаста» Досжанның рөлін сомдадым.

өмір одан да жылдам екен. Қолыма дипломды алып, жас маман атандым. 2021 жылы ЖОО-ны тәмамдаған соң, ешкімге тіс жармай Астанаға жол жүрдім. Іштегі арманымды түншықтырмайын деп нық шешім қабылдадым. Бірақ «актерлік өнерге» түсе алмай, «театртану» мамандығының студенті атану бұйырды. Егер Меруерт Өтекешова апамыз болмағанда, Қызылордаға қайта келетін едім. Бұл да өмірімдегі ерекше оқиға.

– Толығырақ тарқатсаңыз...


– «Актерлік шеберлік» мамандығына түсу үшін екі мәрте тапсырғанымда да емтихан қабылдайтын ұстаздардың барлығына бірдей ұнамадым. Бірі бойымның қысқалығын айтса, енді бірі «Сенен әртіс шықпайды» деп пікірін ашық айтты. Бірақ «Қыз Жібек» фильмінде басты кейіпкерді сомдаған Меруерт апамыздың өзі 2021 жылы «Балам, сен кетіп бара жатсың, бұл мамандыққа түсе алмасаң да, өнерден алыстама. Жүр, сен «театртануға» апарамын деп, қолымнан жетектеп «театртану» бөліміне апарды. Бұл менің тағдырым, бұйырғаны осы екенін түсіндім. Ал топта 4 студент білім алдық. Менен бөлек қасыма 3 қыз бала оқыды.

– Бұл оқиға түнектен кейінгі жарық секілді болған екен ғой. Сәтсіздікке мойы-



Басы 1- бетте

ПРОТОТИП: ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ ТҮПТҰЛҒА МЕН КЕЙІПКЕР



«ҚАРҒЫН» РОМАНЫ: ЖАСЫННЫҢ ПРОТОТИПИ — АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ

Дулат Исабековтың «Қарғын» романы жайлы білмейтін жан кемде кем. Студент қыз бен жазушы жігіттің пойыз үстіндегі таныстығынан басталатын шығарма желісі оқырманын сан түрлі сезімге бөлеп, тынымсыз жетелеп отырады. Көркем туынды кинофильмдей көз алдына келетін керемет суреттеулерімен ғана емес, әрбір кейіпкердің мінез-құлқын аша түсетін диалогтарымен де ерекшеленеді. Романның басты кейіпкері жазушы Жасын Мәдиевтің шынайы өмірден алынған образ екенін естіген боларсыз?! Бұл туралы шығарма авторы Дулат Исабеков өз сұхбатында:

— Кейіпкерлер өмірден алынады. Бір оқиғаны бастан аяқ көрмесен де, әр жерде шашылып жатқан нәрселердің басын қосасын. «Қарғын» романының басты кейіпкері Жасынның прототипі — Асқар Сүлейменов. Роман жазылғалы бері 38 жылда осыны айтып келемін. Жасын — жиынтық образ. Бірақ мен о баста Асқар Сүлейменовтің өзіне де «сіз туралы документальный роман жазып жатырмын» деп айтқанмын, — дейді жазушы.

Ал он сегіз жастағы Багила Асқар Сүлейменовтың өмірінде болған ба? Бұл сұраққа жазушы:

— Шет-жағасы ғана көрінді. Дәл романдағыдай болған жоқ. Қазақста ондай қыз болу қайда?! Багила — әр қазақтың қызы сондай болса екен деген арманымнан туған образ, — деп жауап қатты. Иә, шынында торабы бөлек тағдырлар жайлы бұл туынды талай жанның ішкі арпалысын ашық бейнелеп берген секілді. Айықпас дертке шалдыққан Багила мен Жасынның шетелдегі соңғы жүздесуінен кейін қос арна, қос ғұмырдың қалай жалғасатынын жазушы ендігі кезекте оқырманның өзіне қалдырған секілді. Авторға хат жолдап, шығарманың жалғасын жазуды сұраған оқырман қауымның қатары қалың көрінеді. Дегенмен жазушы бұл ұсыныстан түбегейлі бас тартқан.

— Романды жерге түсірмей аяқтадым. Жерге түсірсем, үйреншікті тіршілік басталып кететін еді. Екеуі үйленді делік. Не өзгереді? Махаббат үшін үйлену басты мақсат емес. Бір-бірін жақсы көретін адамдардың, тіпті, қосылмағаны жақсы. «Адам өмірден бір адамды жақсы көріп өту керек» деген ұстанымды ұстандым, — дейді Дулат Исабеков.

Бәлкім, қос кейіпкер қосылған күннің өзінде бұл туынды осынша әсерлі дүние болмас па еді... Кім білсін? Автор осы арқылы ар алдында ақ болу мен адамдықтан аттамауды үлгі еткісі келген болар.



АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚБІЛЕГІ» КІМ?

Әйел теңдігі тақырыбында алғаш жазылған шығармалардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы болатын. Ол әлеуметтік төңкеріс кезіндегі қазақ ауылдарының тыныс-тіршілігі, сұрқай саясат, сұрықсыз ақ әскерден көрген құяқ, қиянаты ашық бейнеленген туынды. Ата-анасының бар махаббат, мейіріміне бөленіп өскен Ақбілектің бақытты ғұмырын аттылы ақ әскердің қапелімде тас-талқан етуі — бір ғана қыз емес, сол кезеңдегі қаншама қазақ қызына ортақ қайғылы жайт еді.

Бұл роман Алаш арысы Аймауытовтың Алтайдағы сапарынан соң туған сәтті шығарма. Күршім асып, Марқакөл өңірін аралаған қаламгердің Ақбілек ауылындағы Дариға Әбішқызын жолықтыруы қалың қазақ қызының тағдырын көтерген толағай туындының жазылуына себеп болған көрінеді. Осы сапарынан соң үйіне оралып, екі ай тұз бетін көрмеген жазушы роман хақында алғаш Мөшһүр Жүсіп Копейұлына жазған хатында баяндайды.

Романның басты кейіпкері Ақбілектің прототипі болған Дариға анамызға оралайық. Ол жайлы естеліктерді Дариға Әбішқызының немересі Мұрат Өтеулиннің жұбайы Күлзайра Токтарбайқызы, яғни немере келіні баяндаған. Кеңес заманында қудалауға ұшыраған Өтеулі әулеті шекара асып, Қытайға қоныс аударады. Дегенмен ол жақта да жайлы ғұмыр кеше алмай, дүнгендер Өтеуліні өлтіріп тынады. Дер кезінде хабар есіткен Дариға ана бала-шағасымен бір түннің ішінде бергі жаққа қоныс аударып үлгерген.

Соғыс жылдары көп ананың бірі боп Дариға Әбішқызы да ұлы Әмірқұмарды майданға шығарып салады. Он саусағынан өнер тамған ана іс тіккенде айналасына қыз-келіншектерді жиып, үйретуден жалықпаған деседі. Жалғыз өзі бес баланы бағып-қаққанына қарамастан, көзкөргендер оны ауыл ішіндегі аш-жалаңаш жетім-жесірді де панасына алып, аяқтан тұруға қол ұшын созған жүрегі мейірімге толы аяулы жан деп еске алады.

Тағдырдың теперішін көріп, тауқыметін тартып, 88 жасқа қараған шағында мәңгілік мекеніне аттанған Дариға Әбішқызының сүйегі Шығыс Қазақстан облысы, Жаңаауыл топырағында жерленген.

МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР: МЕНТАЙ ӨМІРДЕ БОЛҒАН БА?

Қазақ әдебиетінде қалың оқырманға мәлім, көріні де, жастың да ыстық ықыласына бөленген туындылардың бірі — «Махаббат, қызық мол жылдар» романы. «Шығарма желісі мен кейіпкерлер шынайы өмірден алынған ба?» деген сұрақ әрбір оқырманның көкейінде туындайтыны ақиқат.

Иә, Романдағы Ментай образы өмірден алынғаны жайлы деректер бар. Дегенмен ол бір емес, бірнеше прототиптен құралған жиынтық образ. Соның ішінде басты түптіұлғасы — Өскемен өңірінің тумасы Нұрғамала Нұрбосынова. Ол шығарма авторы Әзілхан Нұршайықовпен Алматы қаласында қатар білім алған.

— Әзілхан көкени бірнеше мәрте Астанадағы үйімізде де, Кентауда да қонақ еткен едік. Дастарқан басында отырып, жазушыға сұрақты жаудыратынбыз. «Ментай — Нұрғамала анамыз ба?» дейтінбіз. Сонда Әзілхан көке «Бұл шығарманы жазарда үш курстас қыздың бойындағы ең ізгі қасиеттерді, басынан өткен оқиғаларды теріп, бір арудың бойына жинақтаған едім. Нәтижесінде Ментай дүниеге келді» деп жауап берген-тұғын. Ол қыздың біреуі жазушының жары Халима апамыз, екіншісі менің енем, үшіншісі шығарманың басында жазылған, жазушы ұнатқан Орынқұл деген қыз. Мен өзім үш қызды да жақсы таныдым. Үшеуі де шығармада суреттелгендей қазақтың аса сұлу, арлы, абыройлы, жібек мінезді, көркем арулары... —




дейді Нұрғамала анамыздың келіні Тамара Тұрарқызы.

Туындыға талдау жасап, талқылау жүргізгенде бірі жағымсыз кейіпкер Тұмажанды жерден алып жерге салса, енді бірі Ерболдың жігітке жат жігерсіздігі мен жасықтығы үшін кінәлап жатады. Өрине, оқырманға ой тастап, ішкі күйініші мен сүйінішіні оята алған туынды ғана ғұмырлы болмақ. Ал сол туындының шынайы шығуы түптеп келгенде ондағы әрбір кейіпкердің іс-әрекеті, мінез-құлқы, болмысына байланысты. Бұл туралы роман авторы Әзілхан Нұршайықов оқырмандарына берген жауабында былай дейді.

— Ментай бейнесінің алғашқы бөлігі — бала, пәк Ментайдың прототипі сол кезде бізбен бірге оқыған бір қыздың өмірінен алынды. Оның ағасының өлгені, соғыстан келген бір жігіттің мен ағанмен жолдас болдым, аған өлерінде сені маған тапсырып кеткен деп ол қыздың үздесін алғаны, «сен үздеңді бұзба, бұзсаң сені өлтіремін!» деп мейрам сайын Алматыға келіп, қызбен кездесіп жүргені рас. Артынан оның елдегі сиыры, үйі бар жесір келіншекке үйленгені, сберкассала қызмет істеп, облигацияға подлог жасағаны үшін сотталып кеткені де шындық. Ментай прототипіне негіз ретінде алынған ол қыз — қазір екі баланың анасы, орта мектептің мұғалімі. Жолдасы — ағарту саласының қызметкері.

Ерболдың прототипін күнде көремін, екеміз бір мекемеде қызмет істейміз. Әсіресе, танертең асығып, жұмысқа келген бетте шаш сипау үшін айна алдында жүздесіп, жымындасып та қаламыз. Оның төрт баласы, әйелі бар. Оны көргенде: «Сен кітаптағы Ербол менмін деп мақтанасын. Бірақ жазушының әр шығармасында өз өмірінің элементтері араласа жүретінін, ендеше Ербол бейнесінде менен де титтей бірдене бар екенін оқырмандар да сезетін шығар» деп қоямын. Расында да кейбір оқырман Ербол мен авторды бір адам деп есептейтін көрінеді. Ал көптеген оқырман Ерболды өмірде бар, тірі адам деп те ұғады. Сондықтан да олар баспаға жолдаған өз хаттарының сыртына «Ербол Есеновке тапсырылсын» деп жазады, — дейді жазушы.



КАРЛСОН ДА ӨМІР СҮРГЕН

Балдай тәтті балалық шағмыздың естен кетпес естеліктерінің бірі «Балақай және Карлсон» мультфильмі болатын. Иә, шатырда өмір сүретін қаһарманның арқа тұсындағы ұшатын құрылғысына бала атаулының барлығы қызыққан шығар. Швед жазушысы Астрид Линдгреннің шығармасындағы дәл осы Карлсон шынайы өмірден алынған кейіпкер екенін екінің бәрі бірдей біле бермейді. Ол — Адольф Гитлердің ең жақын серігі, Рейхстагтың басшысы, ұшқыш Герман Геринг.

1923 жылы Герман Геринг Мюнхендегі мемлекеттік төңкерісті ұйымдастыруға атсалысқан. Полициямен қақтығыстар кезінде Геринг жамбас тұсынан екі оқ жаракатын алды. Осыдан соң ол жасырын түрде Австрияға, кейін Швецияға қоныс аударған.

Жараланғаннан кейін жауынгерлік эскадрильяның экс-командирі ұшақ басқарып, әуеде шоу-бағдарламалар жасаумен айналысады. Швециялық баспасөз саласындағы жас қызметкер Астрид Линдгрен ұшқышты осы жылдары кезіктірген.

— Ол кезде жас Герман Герингке адамзатқа қарсы ешқандай қылмыс жүктелмеген болатын. Астрид Линдгреннің өзі кейіпкер Карлсон жалғыздық рухының символы екенін кейінірек ашып айтты, — дейді тарихшы Вольфранг Акулов.

Жазушының туыстары оның ұлтшыл қылмыскермен байланысқанын жоққа шығарған. Алайда тарихшылардың пікірінше, Линдгрен Герингтің бірінші әйелі Каринмен достасып, кейін тіпті қызын оның есімімен атағаны жайлы деректер келтіреді.

— Геринг бірде авиацияны қатты жақсы көретінін, оның арқасына тек мотор жетіспейтінін айтқан. Мүмкін, Астрид Линдгрен мұны естіген шығар, — дейді тарихшы Наталья Чернышева.

Жазушы Астрид Линдгреннің кеңес үкіметіне қарсы ұстанымына қарамастан аталған туындының ең көп оқылып һәм кеңінен тараған елі Ресей болатын. Ең қызығы, қаламгердің туған елі, яғни шведиялықтар бұл шығарманы аса ұнатпаған көрінеді. Наталья Чернышева:

— Шведтер оны барлық жамандықтарды бойына жиған жағымсыз кейіпкер деп санайды. Ол ашкөз, тәттіқұмар, өтірікші және шебер манипулятор, мақтаншақ, ұры. Мұның балаларға беретін тәлімі жоқтығын алға тартады, — деп түсіндірді.

Кейіпкер прототипі саналған Геринг шынайы өмірде де ірі денелі, тұлғасы толық адам болған.

— Геринг шынында да тамақтануды қатты ұнататын. Әсіресе тосап пен тоқашқа деген сүйіспеншілігі шексіз еді. Ол күндіз диета ұстағанымен, түнде тоназытқыш маңайынан шықпайтын. Иә, ол кезде Германияда тоназытқыштар болды. Геринг оны шұжық пен тосапқа, көп мөлшерде алкогольмен толтырып қоятын болған, — деп атап өтті Вольфранг Акулов.

Астрид Линдгрен Карлсонның әйгілі «құсақ-түйек, күнделікті іс» деген сөз тіркестерін Швеция королі Чарльз XII-ден алғанын айтқан. Алайда тарихшылар әдеби кейіпкерді Герингтің мінез-құлқынан көшіргеніне сенімді. Себебі Герингтің «сабыр сақтаймыз, тек қана сабыр» секілді сүйікті сөз тіркестері болған, оны кейіпкер Карлсон да қайталаған еді.

Қаламгер фашизмнен гөрі коммунизмді зұлымдық деп санағанын және Германия Кеңес Одағын жаулап алады деп үміттенгені жайлы ашық айтқан. Дегенмен кейін соғыс жылдарында басып алынған аумақтардағы фашистердің қатыгездіктері туралы ақпарат қаламгерге әсер еткен болуы керек, оның КСРО-ға деген көзқарасы өзгере бастаған. Тіпті Линдгрен 1970 жылы Кеңес одағына келіп, Карлсонның танымалдығына таң қалған. Өйткені өз отанында, яки Швецияда бұл кейіпкерді оқырмандар ешқашан жақсы көрмеген.



ШЕРЛОК ХОЛМС ШЫНЫНДА ДӘРІГЕР МЕ?

Ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың әлемге әйгілі кейіпкері Шерлок Холмстың прототипі із кесуші емес, дәрігер екенін білесіз бе?

Эдинбург университетінің профессоры Джозеф Белл — белгілі дедуктивті әдісті ойлап тапқан атақты хирург. Жазушы Артур Дойл осы оқу орнының медицина факультетінде оқып жүргенде профессор оның сүйікті ұстаздарының бірі болған. Тіпті жазушы шығармадағы басты қаһарман Шерлокты қалыптастыру барысында ұстазының мінез-құлқы мен тұтас болмысын үлгі еткен көрінеді. Холмстың бақылау, пайымдау дағдылары мен дәлелдерді жинаудағы керемет қабілеті профессор Джозеф Беллдің науқасты диагностикалау әдісіне сәйкес келеді.

Профессор Джозеф Белл пациенттерін лекцияға шақырып, студенттерге науқастың сыртқы келбетіне қарап, оның кәсібі мен тұрғылықты жерін және ауруының себебін анықтауға тапсырма береді. Бір күні білім алушылардың алдына безгек ауруының белгісі бар бас киімді ер адам жайғасады. Науқастың тұрғылықты жерін анықтау үшін профессор студенттерге оның оқу залында да қалпақ шешпеуіне назар аударуын сұрайды. Әдетте ескери қызметтегі адамдар бас киімін шешіп ізеттілік таңытуға міндетті еместігін ескертеті. Нақтылай келе симптомдар Вест-Индияда белең алып жатқан қызба белгілерін көрсеткен сон пациенттің Барбадостан келуі мүмкін деген болжамға тоқталады. Профессор дәл осы әдіспен студенттерді түрлі мамандық өкілдерінің мінез-құлқына мән беру арқылы әрбір детальға егжей-тегжейлі назар аударуға үйретті.

Жазушы Артур Конан Дойл профессордан алған білімі мен қарым-қабілетін медицинада ғана емес, әдебиетте де жүзеге асыра білді. Оның ұстазына, яки Д.Беллге жазған хатында «Мен Шерлок Холмс үшін сізге қарыздармын... Сіздің әрбір зерттеп, зерделеу әдісіңіз, бақылауыңыз бен баға беруіңіз, қорытынды жасауыңыз, мен осыларға сүйеніп отырып кейіпкер жасап шығардым» делінген.

МАРЖАН ЕРДІБЕК:



– Маржан Кеңесқызы, жастар басылымындағы алғашқы сұхбатыңыз болғандықтан, алдымен өзіңіз туралы айтып өтсеңіз. Мектеп мұғалімдерінің арасында жұмыстан үзіліс алып, шетелге оқуға кететіндер көп емес. Огайо штаты университетін таңдауыңызға не себеп болды?

– Білім саласында 2015 жылдан бастап еңбек етемін. Алғашында балабақшада, кейін мектепте жұмыс істедім. Бір ғана жұмыс істесем, бір орында тұрып қалғандай сезімде болатынмын. Сондықтан облыстағы пікірсайыс турнирлерінде жаттықтырушы, төреші болып, дебаттың аймақта дамуына атсалыстым. 2018 жылдан бастап «Jas Otan» жастар қанатының «English for Zhastar» жобасында ерікті болдым. Түске дейін С.Толыбеков атындағы №3 мектеп-лицейде мұғаліммін, ал түстен кейін Тасбөгет кенті мектебінің оқушыларына ағылшын тілінен тегін сабақ беруге баратынмын. Осылайша балаларды 4 ай оқытып, сертификат табыстадым. Келесі жылы Ж.Махамбетов ауылындағы №268 мектепте де ерікті ретінде сабақ бердім. Бұл да нәтижелі жұмыс болды, себебі қорытынды ретінде ашық сабақ өткізіп, балаларға ағылшын тілі бойынша 1-2 деңгейді үйреттім.

Осы кездері үнемі шетелде білім алуды ойлайтынмын. «Болашақ» бағдарламасына алғаш рет құжат тапсырғанда университеттегі GPA көрсеткішім 0,5 пайыздай жетпей қалды. Сол жылы бағдарламадан үміт үзіліс десем де болады. Бірақ кейінірек ережеге өзгеріс еніп, GPA-ға баса назар аудармайтын болды.

Бұл уақытта Астана университетіне де құжат тапсырып, магистратураға қабылданып қойған болатынмын. Алайда пандемия басталып, онлайн оқуға көшіп, Қызылордаға қайта келдік. Әдеттегідей тек оқумен шектелгім келмеді. Сондықтан ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен және халықаралық «Сана» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Birgemiz Bilim» жобасы аясында ағылшын тілінің «Elementary» деңгейі бойынша тегін видеосабактар түсірдік. Аудан, ауыл балаларына арналған бұл сабақтар Youtube желісіне жүктелді. Мен Қармалжы ауданына жауапты болдым. Бұл – мектептегі сабақтарға қосымша, яғни тіл үйренуге талпынатын, ағылшын үйренгісі келетін оқушыларға арналған жоба еді.

Сол кезде білім алуға ештеңе кедергі болмайтынын ұғындырған бір жағдай есімде қалды. Шалғайдағы әлдебір ауылда ұялы байланыс өте нашар болды. Сонда мектеп оқушысы терезені алдына келіп, сабақ оқытты. Zoom арқылы сабақ тапсыратындықтан, бәрін көріп тұратынмын. Анасы сабақ үстелін жақындатып, кітаптарын ұстап көмектессе, әкесі сөз тарту үшін сабақ бойы телефонды жоғары көтеріп тұратын. Сол оқушы менің әлі көз алдыма. Қаншама балалар мұқимдік болса да, тегін сабаққа қатыспай қалғанын байқадым. Ал шын ынтасы бар адам жерге де, елге де қарамай, білім алатынына осы кезде көзім жетті.

Астана университетіндегі магистратурам аяқталар тұста «Болашаққа» екінші рет тапсырып көруді ойладым. Оқумен қатар ол кезде «Аманат» партиясында жұмыс істейтінмін.

Алдын ала Англияның университетін таңдап, онлайн әңгімелесуден өтіп, шақырту иелендім. Бірақ бұл жолы да шетелге оқуға түсу бұйырмады. Себебі магистратураны Астанада оқып жатқандықтан, Қызылордадағы мектепте жұмыс істей алмаймын. Ал зейнетақы жинағыма соңғы 12 айда білім беру ұйымынан қаржы түспеген. Мұны басында ескермеген екенмін. Осылайша тағы да бағдарлама бойынша шетелге оқуға түсе алмадым. Бірақ бұл менің еңсемді түсірмеді, үшінші мәрте тапсырып көруге шешім қабылдадым.

Астана университетін бітіргеннен кейін, менің мамандығымға сәйкес келетін, сол уақытта қабылдауға дайын шетелдік оқу орындарын іздей бастадым. Огайо штаты университетінің «Ересектерге білім беру және адам ресурстарын қалыптастыру» бөлімінің бағдарламалары маған қызық болды. Бір айдан кейін шақырту келді. Қайтадан «Болашаққа» бағдарламасына құжат тапсырдым. Бірінші, екінші кезеңтен сәтті өттім. Ал әңгімелесу кезінде ситуациядан қалай шығатынды байқады. «Бакалавриаттағы GPA-ын аздау екен, мүмкін отандық университетте қайта оқып көрсін?», «Неге ол оқу орнын таңдадың, Қазақстанда бұл мамандық бар емес пе?», «Елге келгесін немен айналысарсың?»



дегендей сұрақтар қойды. Осылайша ғылыми академиялық бағытты қалай алып кете алатынды бағдарлайды. Ол жерде ойынды жинақтау оңай емес. Іштей «тағы да өтпедім» деген ойда болдым. Бірақ бұл жолы нәтиже оң болды. Осылайша құжаттарымды жинақтап, келесі жылы күзде АҚШ-қа оқуға аттандым.

«Болашақтың» шартының бірі – әлемдегі үздік 100 университеттің бірінен шақырту алу. Соның 50-ге жуығы АҚШ-та. Огайо штаты университеті – сол қатардағы үздік оқу орны.

– Шетелде оқу үшін қалай дайындалу керек?
– Шетелдік оқу орнына грантка қабылдану үшін жүріп өткен жолың, осы кезге дейінгі ұмтылысың мен жетістіктерің маңызды. Жәй ғана университетті бітіргенің емес, қоғамға қаншалықты пайдалы болғаның ескеріледі. Мысалы, мотивациялық хат әзірлеу барысында өзін жүргізген жобаларым туралы жазып, «оны жалғастыру үшін өзімді дамытуым керек, сондықтан оқуға түскім келеді» деген ойды жеткіздім.

Шетелде оқимын деген кез келген адам үнемі дамып отыру керек. Мысалы, Арыстағы жарылыс кезінде де қол көмек беру үшін волонтер ретінде барған болатынмын. Негізгі еріктілік жұмыс 2017 жылы ЭКСПО көрмесінде волонтер болудан басталды. Бұның барлығы оқуға түсерде ескеріледі. Coursea секілді жетекші университеттерде онлайн білім алу, айталық Гарвард университетінің тегін курстарын оқып, сертификаттың иелену де сенің құр отырмағанды, дамуға деген талпынысыңды көрсетеді.

Менің түсінгенім, адамдар өмір бойы оқуы керек. Кешегі алған білімің қазір актуальды болмауы мүмкін. Біз оқып жатқан кезде жасанды интеллект жобалары енді басталып жатыр еді. Ал қазір даму деңгейі өте қарқынды. Магистратураны бітірген кезде Chat GPT енді шығып, қолдана да білмейтінбіз. Ал қазір оны кез келген адам пайдаланады.

Сондықтан барлық саладағы мамандар әрқашан білімді жаңартып отыру қажет. Мұғалімнің міндеті – өмір бойы оқу.

– Шетелде оқу сырттай қызық әрі жеңіл көрінгенімен, басқа елдің заңына, мәдениетіне де үйрену үшін уақыт керек. Негізгі бұл туралы көп айтыла бермейді...
– Иә, шетелде оқу – ерліктегі көтеріледі. Түсінгенім, АҚШ-та білім алу екінші бірінші қолынан келетін дүние емес. Жат жерге оқуға кету үшін рухың мықты болуы керек екен. Сен қанша жаста болсаң да, алғашқыда адаптациялық кезең болады. Маған шетелге өбден үйренісу үшін 6 айдай уақыт кетті. Басында «Неге бұл оқуға түстім? Тып-тыныш қана мұғалім болып жүр

едім ғой. Бір магистратура оқығанды жететін еді. Одан да турист ретінде келмедім бе?» деген алдамшы ойлар келе бастады. Себебі оқу процесі өзгеше. Әр профессор әртүрлі ұлт өкілі. Маған немістер көбірек сабақ берді. Олардың талаптары бөлек. Эсседе өз ой-тұжырымды айту үшін міндетті түрде ішінде факт, дәйек болуы керек. Сенің зерттеуіңмен сәйкес келетін зерттеу жұмысын тауып, ойынды екі ауыз сөзбен жеткізуің маңызды. «Менің ойымша» дегенді айта алмайсың. Дәлелсіз құр сөз болып қала береді. Сондықтан мені АҚШ-тағы білім академиялық тұрғыда дамытты деп айта аламын.

– Қазір жастардың көбі шетелде оқуға ұмытылады. Бұл олардың шын қалауы ма, қалай ойлайсыз?

– Көпшіліктің қателігі шетелде оқуға жеңіл қарайды. «Қандай оқу орны, мамандық екені маңызды емес, барып келесем болды» деген секілді.

«Шетелге оқуға түссем, жұмыс істеп, ақша жинаймын» деген ой болса, бармаған дұрыс дер едім. Өйткені оған уақытың да болмайды.

Расында

мемлекет ретінде «Болашақ» бағдарламасымен халықтың білім алуына қолдау көрсетуі негізгі дұрыс жолда екенін білдіреді. Ел өз азаматтарының білім алуын қолдап, жағдайларын жасап отырса, азаматтық ұстанымда болып өз елдерінді дамытқандарын дұрыс. Өйткені кез келген мемлекетке бұндай бағдарлама жоқ» деген болатын.

Сондықтан әрқайсымыз «Шетелден келгесін ел дамуы үшін не істей аламыз?» деп ойлануымыз керек.

– Мектептегі білім жүйесіне тоқталайықшы. Қазір жасанды интеллектті қолданып сабақ өткізген, ең күшті сабақ сол секілді көрінеді...
– Жасанды интеллекттің жақсы да, жаман да жағы болып тұр. Креативтілік деген ұғымнан бала айрылып жатыр. Баланың бәрі интернет қолдануды біледі, үйде тапсырманы да соның көмегімен орындайды. Бірақ біз оны бақылай алмаймыз. Балаға жана дүние дайындап келуді тапсырсаң, Chat GPT-ден сұрайды. ҰБТ-ға бала 10-11 сыныпта дайындалады. Ол баладағы білімнің көрсеткіші емес. Ата-ана грант қай жерде көп, баласын сол мамандыққа тапсыртып отырысың. Мектептерде профференциалық жүйе қалыптаспаған. Менің ғылыми зерттеуім бойынша жыл сайын түлектер таңдағын қайталанбалы 10 мамандық бар. Ол тізім IT маман, дәрігер, педагог, заңгер, архитектуралан басталады. Бірақ ол мамандық балаға ұнай ма, оны алып кете ала ма, көбі оны ескермейді. Соның нәтижесінде түлектердің көбі таңдаған мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Ол – мемлекетке шығын. Қателік сонда.

Сұранысқа ие мамандықтардың тізімін шығарып, маманы көп салалар бойынша кадр даярлауды тоқтату керек деп ойлаймын. Өйткені бізде қазір экономист, заңгер, есепшілер жеткілікті.

Негізгі оқушы бастауыштан бастап кім болғысы келетінін, таңдағын мамандығын білуі керек. Болашақта осындай болам деген ой туындауы қажет. Ал бізде 11-сыныпқа келіп, әлі мамандық таңдай алмай отырғандар бар. Тіпті шетелге оқуға түскісі келетіндер кездеседі. Бірақ портфолиосы да жоқ. Ал шетелге оқуға түскісі келетін оқушы 8-сыныптан бастап дайындалуы керек.

– Ағылшын тілі бастауыштан бастап мектепте үйретіледі. Сонда да ақшыл курсқа барып, қосымша оқытын оқушыларды көп байқаймыз. Себебі неде?

– Бұл пән мектепте 3-сыныптан бастап оқытылады. Бұл кезде балада тілге деген қызығушылық бола қоймайды. Мектепте үйретілгенімен, үйде де қосымша қадағалау болмаса, бала бірден алып кете алмайды. Ата-ана алғашқыда бұған мән бермейді, жүрдім-бардым қарайды. Бірақ сыныптан-сыныпқа өтіп, ағылшынның деңгейі көтерілген кезде бала іпесе алмай қалады. Сол үшін оқушы арнайы курсқа қатысып, ағылшынды 0-ден бастап оқиды. Негізгі бала мектепке түліктің 5 сағатын арнайды, қалған уақытының бәрін үйінде өткізеді. Сол кезде ата-ана «баламын сабағына қалай көмектесе аламын, тіл үйренуге деген ынтасын қалай оята аламын?» деп алаңдауы керек. Баласының дамуына бастауыштан-ақ көмектесетінін ата-ана жақсы тұлға тәрбиелей алады.

Үлгерімі нашар болса да, 10-11 сыныпқа келіп, ағылшын тілі пәнін таңдайтындар бар. Сосын айналып келгенде бұған мұғалім кінәлі болады.


– Білімге деген құштарлық, оны басқаларға үйрету өзіңді шын қуантатын жұмыс екенін түсінемі. Бірақ сіз үшін жақсы табыс табу қаншалықты маңызды?

– Сабақ берген оқушымен жетістікке жетсе мен өзімді бақытты сезінемін. Сол үшін де мектепте жүрген шығармын. Өйткені «білімді балалардың дамуына қолдана алдым, оның жақсы адам болып қалыптасуына үлес қостым» деген ой мені қатты қуантады. Сапалы білім бере алуым үшін де өзім оқуды тоқтатпаймын керек. Мұғалім өз кәсібін адал болмаса, берген білімі сапасыз, балаларға қызықсыз болады.

Ал егер көп табыс табуды көздемесем, әлдеқашан мектептен шығып, оқу орталығын ашқан болар едім. Ал мен үшін табыстан бұрын кәсібіне адал мұғалім болу маңызды.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА



ҚАЗІРГІ МЕДИЦИНА: ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҮЙЛЕСІМІ

Медицина – адам өмірін сақтауға, аурулардың алдын алуға және емдеуге бағытталған ең маңызды ғылым салаларының бірі. Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы арқасында соңғы онжылдықтарда медицинаның мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейді. Бүгінде жасанды интеллект, биотехнология және робототехника секілді жаңа технологиялар денсаулық сақтау жүйесін түбегейлі өзгертіп жатыр.

Қазіргі медицина түрлі ауруларды ерте анықтау, дәлірек диагностика жасау және тиімді емдеу тәсілдерін әзірлеу бойынша үлкен жетістіктерге жетті.

Жасанды интеллект және нақты деректер (Big Data) – ауруларды алдын ала болжау және жекелеген емдеу тәсілдерін жасауға көмектеседі:

– Генетикалық зерттеулер – тұқым қуалайтын ауруларды анықтап, олардың алдын алуға мүмкіндік береді;

– Роботтық хирургия – жоғары дәлдікті талап ететін операцияларды қауіпсіз әрі тиімді орындауға көмектеседі;

– 3D баспа технологиясы – биоматериалдардан сүйектер мен органдарды басып шығару мүмкіндігін қарастырады;

Технологиялық жетістіктерге қарамастан, медицина әлі де шешімін таппаған мәселелер бар:

– Созылмалы аурулар – жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті және онкологиялық дерттер әлемде ең көп кездесетін аурулар қатарына жатады;

– Дәрі-дәрмекке төзімділік – антибиотиктердің шамадан тыс қолданылуы бактериялардың жаңа штамдарының пайда болуына және емдеудің күрделене түсуіне әкеліп соқтырады;

Қазіргі көп жас табысты материалдық тұрғыда ғана қарайды: көп ақша табу, үлкен үйде тұру және қымбат көлік міну. Дегенмен табыс – тек сыртқы дүниемен өлшенетін нәрсе емес. Өмірдегі шынайы табыс бұл өз ісіне деген адалдық, отбасына деген қамқорлық, достарына деген шынайы қатынас және қоғамға деген жауапкершілік. Ақша мен байлық – өмірдегі табыстың бір бөлігі ғана, ал ішкі үйлесім мен бақыт – табыстың негізі.

Ішкі жан-дүниенің байлығы материалдық құндылықтардан әлдеқайда маңызды. Бұл адамның ішкі тыныштығын, моральдық күшін, қоғаммен үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Ішкі байлыққа ие болу үшін адам өзінің ішкі әлемін танып, дамытып, өмірде адал, әділ, мейірімді болуға ұмтылуы қажет. Мұндай адамдар өмірде әрқашан бақытты, табысты және толыққанды

өзіне жақын адамдармен тығыз әрі адал қарым-қатынастар орнатуда шынайы табысқа жетудің маңызды бір бөлігі деп санаймын. Бұл сөзімізге Қасым Аманжоловтың: «Жетістік – бұл тек сыртқы байлық емес, өзіңді іздеу мен ішкі тыныштыққа жету жолы» деген сөзі дәлел болатындай.

– Шамстың 27-ші қағидасын естігенсіз бе? Шамс Тебризидің

Адамның пейілі өзгергенде, оның өмірге деген көзқарасы да өзгереді, сол арқылы ішкі дүниесі де байиды. Мысалы, өмірге оптимистік көзқараспен қарау, қиындықтарды жеңуге деген сенімділік, өзгелерге мейірімді болу осының бәрі адамның ішкі байлығын арттырады. Сонымен қатар адамдардың өзін-өзі бағалауы мен ішкі тыныштығы да осы пейілге байланысты. Егер адам



ТАБЫС – ТЕК СЫРТҚЫ ЕМЕС, ІШКІ БАЙЛЫҚТЫҢ КӨРСЕТКІШІ

болады. Өйткені ол өзінің ішкі әлемін түсінеді, өзіне сенеді, өмірге деген дұрыс көзқарасты сақтайды және кез келген қиындыққа қарсы тұра алады.

Байлық – табысқа жетудің, бақытты өмір сүрудің, толыққанды тұрғы болудың негізі. Жақсы достар, отбасы, қоғам алдындағы жауапкершілік, көмектесу – бұлар өмірдегі нағыз байлық болып табылады. Көптеген адам қаржылық жетістікке жеткеннен, ішкі жалғыздық пен түсініспеушілікке тап болып жатады. Сондықтан

философиялық ойлары әрқашан адамдарды рухани жетілуге, өзіне деген сенімділікке шақырады. Оның 27-ші қағидасы «Пейілің өзгерсе, дүние өзгереді» деп аталады. Бұл дүние тауға ұқсайды, не айтсаң соның жанғырығы шығады. Аузыңнан жақсы сөз шыкса, сол сөзді өзің қайыра естисің, запыран атқыласа оны өзің қайта жұтасың. Ендеше сен жайлы біреу жаман айтса, ол туралы қырық күн, қырық түн жақсы сөйле. Қырық күннен соң бәрі өзгергенін өз көзіңмен көресің. Пейілің өзгерсе, дүние өзгереді.

өзін-өзі қабылдай білсе, өмірдің әр сәтін бағалап, оның жақсы жағын көретін болса, ол шынайы ішкі байлыққа жетеді.

– Қандай табыс болмасын бұл өзінді тану мен өзін-өзі жетілдіру процесі. Кез келген табыс, алдымен, адамның өзін-өзі түсінуінен басталады. Егер адам өз арманымен, талпынысымен үйлесімде болса, ол ішкі қуаттан, шабыттан күш алады.


Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Туберкулез – туберкулез микобактериясынан туындайтын және әртүрлі органдарда, бірақ көбінесе өкпе тінінде бір немесе бірнеше қабыну ошақтарының пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру.

Инфекцияның негізгі көзі – наукас адам. Көбінесе туберкулез ауа тамшылары арқылы таралады. Туберкулезбен ауыратын наукас жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде ауаға, бөлменің едені мен қабырғаларына, тұрмыстық заттарға қақырық пен сілекейдің ең кішкентай тамшылары түседі. Қақырық құрғағаннан кейін микробтар ұзақ уақыт өміршен болып қалады, олар алты-сегіз ай өмір сүреді. Бұл аурудың байланыс-тұрмыстық берілу мүмкіндігін аңғартады.

Туберкулездің таралуын болдырмайтын негізгі шаралардың бірі – наукастарды ерте анықтауды ұйымдастыру, ол тәуекел тобындағы балаларға жыл сайынғы туберкулин диагностикасын және ересектер арасында флюорографиялық тексеруді жүргізу кезінде жасалады.

Халық арасында туберкулездің алдын алудың негізін ағзаның қорғанысын арттыруға бағытталған шаралар: рационалды және уақтылы тамақтану, темекі шегуден және ішімдіктерді шектен



ӨЗІҢДІ ТУБЕРКУЛЕЗДЕН ҚОРҒА!

Туберкулезбен тек адамдар ғана емес, жануарлар да ауырады. Сондықтан ауру жануардың қайнатылмаған сүтін, жұмыртқасын, нашар қайнатылған етін тұтыну арқылы инфекция жұғуы мүмкін.

Аурудың негізгі белгілері:

Екі аптадан астам жөтел, дене қызуының жоғарлауы, кеуденің шаншуы, енгізу, жүдеу, тәбеттің жоғалуы, түнде тершеңдік, әлсіздік, тез шаршау.

Осы белгілердің біреуін немесе бірнешеуін өз бойыңыздан байқасаңыз дереу дәрігерге қаралыңыз, егер жөтел пайда болса қақырық сараптамасын тапсырыңыз!

Жөтелгенде және түшкіргенде сыпайлық сақтап, ауызыңызды орамалмен жабуы ұмытпаңыз!

Бұл аурудың алдын алудың ең тиімді әдісі – жаңа туған нәрестелерді вакцинациялау, ол өмірдің 3-5 күнінде жасалады және туберкулезден қорғайды, балалар ағзасының туберкулезбен ауыру ықтималдығын бірнеше есе азайтады.

тыс пайдаланудан бас тарту, дұрыс жұмыс тәртібін сақтау, салуатты өмір салтын ұстану құрайды.

Туберкулез – күрт ауру ғой қазақша, Талай жанды салып жүр ғой азапқа. Бұл аурумен ауырған жан енгігіп, Тәбеті де төмендейді тамаққа. Жөн болады бұл аурудан сақтанған, Жарамайды «Денім сау!» – деп ақталған. Дәрігерге көрініңдер ертерек, Жандар болса бұл ауруға тап болған. Өз-өзіне жақсы көңіл бөлгенде, Жоламайды мұндай ауру сендерге. Денсаулықты тексертіңдер, қашпандар, Флюорография машинасы келгенде. Болсын десең береке, құт мекенім, Көбейтіндер дені саудың есебін. Ешқашан да ұмытпаңдар, ағайын, Өз денсаулығың өз қолыңда екенін!

Алима МАҚСАТҚЫЗЫ,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

БОЗАРЫП АТҚАН АҚ ТАҢДА...

Рахиямен танысқан кезім сол 1981 жылдың жаңа жайлы, шуақты жаз айының соңы, күрөңді, бұлғыр бұлтты күні көп күз айының басы болатын. Менің Тереңөзек кентіне жолдамамен барып Тереңөзек-Жалағаш ауданаралық сот-медициналық сарапшысы болып жұмыс істеп, болашақ жарым Гүлнәрмен танысып, кездесіп жүрген кезім еді. Сондай шуақты күндердің бірінде мені Гүлнәр өзінің мектепте және институтта бірге оқыған досы Рахия Есназаровамен таныстырды. Бұл Рахияның Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтқа оқытушы болып орналасқан кезі болатын. Осы таныстығымыз кейін жанұялық достыққа айналды.

Рахия Мансұрқызы – 1958 жылдың 6 ақпан күні Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, Сөкен Сейфуллин атындағы совхозда оқытушы отбасында өмірге келіп, сол елді мекеннің №137 орта мектебін 1975 жылы «Алтын медальмен» тәмамдады. Балалық шағынан өнерге, ғылымға деген құштарлығы оның арманын аялап, ол сол жылы Қызылорда қаласы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі факультетіне оқуға түседі. Институт қабырғасында небір ғылыми жұмыстармен айналысып, білімді, білікті, ұйымдастырушылық қабілетімен абыройлы, ұстаздарға сыйлы, үлгілі студент атанып, группаның старостасы, Лениндік стипендияның иегері бола білді. Осындай жасымайтын жігерінің, білімге деген ыстық ынтасының, орақ тілді өр мінезінің арқасында ол осы институтты 1979 жылы үздік бітіріп шыққан болатын.

Еңбек жолын өзінің туған жері Тереңөзек ауданы, Сөкен Сейфуллин атындағы совхоздағы №137 орта мектебінде оқытушылық қызметтен бастаған. 1980 жылы Қызылорда қаласы Гоголь атындағы педагогикалық институт басшылығы қазақ тілі кафедрасына аға оқытушылық қызметке шақырады. Жас маманның өмірге, өнерге, ғылымға құштар кезеңі осы сәтке сәйкес келгендей. Көрнекті ғалымдар мен ұлағатты ұстаздар ортасы білімге, ғылымға ынталы Рахияның таудай талабын шындай түскен еді.

Ұстаздық қызметін жалғастыра жүріп Рахия 2005 жылы профессор Т.Көкішевтің ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын табысты қорғап, «филология ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесін алды.

Осындай ұлағатты ұстаз ұзаққа созылған ауыр наукас салдарынан артына қызын, «көзден кетсе де, көңілден кетпейді» дегендей, өзін еске алып отыратын бауырларын, достарын қалдырып, 2023 жылдың желтоқсан айында бұл пониден мәңгілік кемеңіне аттанған болатын.

Рахия Мансұрқызы біздің есімізде досқа деген адалдығымен, ақкөңіл мінезімен, тура айтатын тапқырлығымен, талапшылдығымен, сөзге шешендігімен, жаңа жайлы да жағымды керемет даусымен, ән сөздерін ұмытпайтын, есте сақтай білетін қабілетімен, шынайы шымшыма, қағытпа қалжыңымен есте қалды.

«Бозарып атқан ақ таңда, бозарып тұрып ақпанда есіңе мені алғайсың...» деп Мұқағали жазғандай 6 ақпан жан досымыз Рахияның туған күні еді. Сен тірі болғаныңда шағын пәтеріңнің кең бөлмесінде шаттықта, көтеріңкі көңілде кең пейілімізбен, жанұялық достар болып туған күніңді тойлап, естен кетпес ескі әндерден ән шашу жасап отырған болар ма едік, әттен...

Мәңгіге кеткенің бе, қайран құрдас? Шәкіртке кең құшағың жайған құрдас. Бірде бар, бірде жұтан мына дүние, Майдан бір, рас. Мен сені іздеп бүгін, құлазыдым, Өзіңсіз күрең тартып құладузім. Ұлылар қолтаңбасы сияқтанып, Тұрады ізің. Сен деген бөлек едің, Каспидің тұнығындай терен едің. Бір сәтке сырласуға, мұңдасуға, Керек едің – деп сен туралы жергілікті ақын Серік Ыдырысов жырлағандай, расында, бәрімізге керек едің, керемет жан едің.

Рахымжан ӘЛПП,
Сот-медицинасы сараптамасы саласының ардагері, зангер

МАҚСАТ СЕРІКБАЕВ:

БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕС – БОЛАШАҚҚА ИНВЕСТИЦИЯ



Заманға сай жас ұрпақты дамыту, олардың қабілеттерін аша білу, жаңа мүмкіндіктерді ұсыну – уақыт талабы. Осы бағытта түрлі жоба қолға алынып, біразы жүзеге асты. Осы орайда ұстаздық етіп, жаңашыл бағдарламалар мен жобалардың авторы ретінде танылған қызылордалық жас маман Мақсат Серікбаевпен әңгімелесудің сәті түсті.

– Мақсат Ерланұлы, алғашқы сұрағым IT және медиа бағытына қатысты болмақ. Білуімізше, балаларға осы бағытта қолдау білдіріп, кәсіби тұрғыда білім берудесіз. Өңірде аталған сала дамыған ба? Қандай қолдау қажет? Қызығушылық білдіретіндердің саны көп пе?

– Заман талабына сай IT және медиа бағытына қызығушылық танытатындардың саны көп. Себебі бұл салаға қажеттілік артып келеді. Өңірде аталған бағыт ортанкол деңгейде дамыған. Әлемдік деңгейдегі жетістіктерге жетіп жатпасақ та, кем түспейміз. Балаларға бағыт-бағдар беру үшін арнайы үйірме де жұмыс істейді.

Медиа саласына қатысты айтар болсам, алға ілгерілеудің үздік нәтижелерін көріп жүрміз. Бұл саланың жілігін шағып, майын ішкен мамандар да жеткілікті. Мәселен айтар болсақ, мобилография – медиа саласының оқ бойы озық бағыты. Оны баларға үйрету олардың әрқырлы болуына көмектеседі. Көзқарасын түзеп, талғамын қалыптастырады. Қазірден қабілеттерін дамыта бастасақ, есейген кезде ауыз толтырып айтарлықтай керемет дүниелер жасап шығарады деп ойлаймын.

Облыстық медиа да қарқынды қызмет етіп, заманауи талпыныстар жасауда. Түрлі студиялар жақсы туындыларымен күн сайын көрермендерін қуантып келеді. Ал біз бағыттап, білім береміз. Балалардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі жобаларды қолға алдық. Бұл журналистика немесе медиа сфераның маманы болғысы келгендер үшін таптырмас мүмкіндік.

– «Балалардың жасанды интеллект заманындағы медиасуаттылығы» атты арнайы авторлық оқу бағдарламасын

әзірлеп, «Үздік авторлық бағдарлама – 2024» республикалық сайысында жүлделі орынға ие болдыңыз. Айтыңызшы, балаларға бұл бағытта білім алудың маңызы қаншалықты құнды? Жасанды интеллекттің келешектегі көрінісіне қандай сипаттама бересіз?

– Атап өткенімдей, медиа саласы жылдан жылға ілгерілеп келеді. Олардың цифрлық сауаттылығы мен медиасуаттылығын арттыруды қолға алдық. Авторлық кітаптың жарыққа шығуының басты себебі де осы.

Жасанды интеллектке келетін болсақ, пайдалы жағы мен зиянды тұсы қатар жүреді деп ойлаймын. Оны қолдана отырып, түрлі сурет, бейнеролик, аудиожазбаларды өңдеуге мүмкіндіктуды. Бүлкөптеген заңбұзушылыққа жол беретін жасанды интеллекттің келесіз тұсы. Ал медиасуаттылықты арттыру осы бір сәтте маңызды.

Балалар жоба арқылы ЖИ-дің қалай жұмыс істейтінін біліп, болашақта туындауы мүмкін қиыншылықтардан сақтану үшін қажетті білімді ала алады.

ЖИ әлемдік деңгейде дамыған. Сол себепті одан бас тарта алмаймыз деп ойлаймын. Қайта оның мүмкіндіктерін арттырып, адамдарға қолайлы етуге тырысу керекпіз. Алайда оған түбегейлі байлануға болмайды. Тек қажетті жағдайда һәм өз орнымен пайдалануға дағдыланаық.

– Ұстаздық жолдан бастау алып, бүгінде бірнеше танымал бағдарламаның авторы атандыңыз. Келелі жетістікке жете білген бағдарламалардың бірі деп «Бала ORDA»-ны атасақ артықтық етпес. Осындай тың идеялар мен жаңашыл бастамаларға шабытты қайдан аласыз? Қолға алуды жоспарлап жүрген жобалар бар ма?

–Түрлі жобаның авторы болғаныммен, өзімді жоғары бағаламаймын. Балалармен қоса, өзімнің де шығармашылығымды арттыру мақсатында қолда бар дүниеден жақсы туынды шығаруға тырысып жүрмін. Балаларға пайдалы болатын, олардың таным көкжиегін арттыратын дүние ойлап табуға тырысып бағамын. Жобаны ойлап тауып, оны жүзеге асыру барысында тек біржақты



ойлауға болмайды. Біз білмейтін түрлі тұстарын үніле зерттеп, заман талабына сай етіп, жаңашылдықтың лебін беріп отыру керек.

Шабытты қайдан аламын? Егер қолға алған жұмысым өнсе, жемісін беріп, көңілімнен шықса, сол маған әрі қарай талпынуға мотивация береді. Жобаларды ойлап табу барысында оқушылардың да ұсынған идеялары серпін берген сәттер аз емес. Ең бастысы жарыққа шыққан туынды балалардың пайдасына асса игі. Себебі балалардың дамуына тигізген үлес – болашаққа инвестиция деп білемін.

– Жеке өміріңізге ойыссақ. Ағартушылықтан бөлек, той-жиындарды басқарып, дүйім жұртты қызықты да көңілді асабалық қабілетіңізбен тамсандырып жүресіз. Мұндай көпқырлы талант болу екінің бірінің қолынан келмейтіні рас. Асабалықты қалай бастадыңыз?

– Иә, ұстаздықтан бөлек, іс-шараларды жүргізіп, той тізгіндегіні де қабілетім бар. Студенттік жылдары түрлі іс-шараларға белсене қатысып, жайдарман ойнап, содан бері халықтың көңілін көтеру қаныма сіңген қасиет. Кез келген жиында тізгінді өзіме беріп, «сен жайдарманшысың ғой» деп жауапкершілік артатын. Алғашында асып-сасып тұратын едім, кейіннен сөзімді жаттап баратын болдым, оның ұйымдастырып, көрерменнің көңілін әзілмен баурауға бейімделдім. Айттып өткенімдей, жайдарманшы болдым. Командаммен бірге бір-екі отырысты басқарып, кейіннен өзге де ұсыныстар түсе бастады. Осылайша асабалыққа қалай келгенімді де байқамай қалыппын.

– Алтындай уақытыңызды бөлгеніңізге алғыс! Елбегіңіз еселене берсін!

Қорлан САРЫ

«ЖОЛ АШАМЫН»: ТЫЛСЫМНЫҢ ТҰЗАҒЫ

(басы 1-бетте)

«Заманың түлкі болса, тазы бол шал». Күні кеше TikTok-тан құмалақ ашып, болжам жасайтындардың видеосы шыға келді. Ең қызығы, онлайн. Бұлар да цифрландыруға көшкен бе деп қалдық. Тіпті тікелей эфир ұйымдастырады екен. Көрген көзге айып бар ма, біз де қосылып көрдік.

Жағдай келесідей. Хабарламаға кез келген сауалыңызды жазасыз, бірінші сұрақ тегін. Ал басқаға жауап алу үшін әрқайсысына 500 теңгеден тариф бекітілген екен. Егер кезекке тұрғыңыз келмесе 1000 теңге төлесеніз болғаны. Бірінен кейін бірі жауған хаттардан көз сүрінеді. Себебі сауал жолдаған желі қолданушылары көп. Міне, демек сұраныс бар.

Ақ матаға түрлі тастарды, стақан суды қойған балгер апаға біздің сұрақ жетпеді. Бірақ таро карталарын ұстаған бойжеткен «Биыл көлік аласыз, оң өзгерістер болады» деді. Сәлден соң жоқ күйеуді айтып, неге көп сөзге келетінімізді де сұрадық. Егер тұрмыстағы келіншек болсам, көзім байланып, сөзіне иланып қалар едім. Қазір көптің көзі ашық. Аңқау деуге қимайсың. Әйтсе де экранның арғы жағында алданып отқандар көп. Бәлкім шын, бәлкім айтқаны келіп қалар деген үміттің оты да жаныңды түртпектеп қоймайтыны рас.

Кейіпкерді де алыстан дорбаламай, жанымыздағы әжейден сұрадық. Жұма Мұнарбаева бізге келінімен болған жайтты айтып берді.

– Қазақтарда салт-дәстүр, наным-сенім бар. Ал наным-сенімде дем салу, тазалау бар. Ал бұлармен көбіне құмалақшылар, көріпкелдер айналысады. Ауылда біреудің сиыры жоғалса да, құлағындағы алтынны жоғалса да көріпкелден көмек іздейді. Мұнан бөлек деніне саулық, баласына шипа сұрайтындар да бар. Мысалы, шаңырақтағы келінім 10 жыл нәзиресте сүйе алмады. Ұлым екеуінің қаралмаған емханасы, қабылдамаған дәрісі жоқ. Соңғы үміттері емшіде болды. Жас жұпқа көз тиді, сөз тиді деп бір емдеді. 1 айлық қабылдауға жазылындар деп, әр барғанына қомақты қаржы сұрады. Амаж жоқ, келісті, барды. Мен әдепкіде сенбедім, бірақ балалардың көңілі үшін үндемедім. Бірақ ем біткеннен кейін ешқандай нәтиже болмады. Алланың жазғанынан асып қайда барамыз? – деп күрсінді әжей.

Расымен, бір білгендері бар шығар деп өмірдің қиындығын көргендер балгер мен емшілерге жүгінеді. Айтқаны келсе жақсы...

Мұны соқыр сенімге де теңеп, біржақты қылғанымыз болмас. Бұлай айтуға бірнеше мысал да бар. Құмалақшылардың нағыз қажетті болған кезі ҰБТ еді. 125 балдық жүйенің уақытында сәтті номер, жеңіл сұрақтар түссін деп қолындағы қаржының барлығын жұмсауға даяр сол кездегі оқушылар палшылардың бизнесін жүргізетін. Мектепті тәмамдағанына 10 жыл болған Сара Байтөлеуова ҰБТ-ның алдында сыныптастарымен бірге балгерге барған екен. Нәтижесінде өзіне қажет баллды жинап, грант

иегері атанған. Ал есімін жасырған 51 жастағы қала тұрғыны үш жыл бұрын қызын емшіге апарған. Бойжеткеннің шашы жұқарып, аурушаң әрі жылауық болып өзгерген екен. Емші қызға көз тиген деп, түрлі шөптен қоспапар жасап әрі суға дем салып берген. Екі айдан кейін қыздың жағдайы қалпына келді дейді анасы.



Ал исламда балгерлер туралы не айтылған? Бұл әрекет күнә болып санала ма? Сауалға жауап алу мақсатында қалалық «Мүсірәлі ата» мешітінің бас имамы Қайырбек Отызбаевпен байланысқа шықтық.

– Бұл өмірде қуаныш пен қайғы қатар жүреді. Жолдың бұраланы секілді өмірдің де қиыншылық тұстары кезігіп тұрады. Сондықтан, болашағымыз болжатамын деп балгерге баруға шарнағат қатаң тыйым салады. Бұл күнәлі іс. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір хадисінде: «Кімде-кім балгерге барып, одан бірдеңе жайлы сұраса және

сол естігеніне сенетін болса, оның дұғасы, қырық күн бойы намазы қабыл етілмейді», – деген.

Қазіргі кездегі халық арасында балшы, емшілерге барып, соларды жағалап кеткендердің саны көбеюде. Бұл дінді дұрыс танымау, сенім тұрғысында болып жатқан қателіктің көрінісі. Алла Тағала: «Әй мүміндер!

Арақ, құмар, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын оқтар лас, шайтан-ның істерінен. Одан сақтанындар, құтыларсындар», – деп бұйырады («Мәида» сүресі, 90-аят).

Балгер жағалап бас аштыру былай тұрсын, олардан «сақтанындар» деуде. Демек, бұл ескерту пенде үшін аса маңызды. Тағдырды, болашақты білуші Алла Тағала. Қиындыққа тап болған адам балгерге бармау үшін мына нәрселерді жақсы білуі қажет. Бірінші кезекте құдіретті Алланы танып, тағдырына разылық ету. Сонымен қатар, адам бұл

өмірдегі жаратылу мақсатын жақсы тануы қажет. Қиындықтың, сынақ уақыттарының болатынын қабылдай білу. Ал ең жақсы амал – қиын сәттерде жақсылықтың есігін ашушы Алланы ұмытпай, оған көбірек дұға жасау. Сонда ғана көңіліне тыныштық, өміріне береке келе бастайды.

Құранда: «Біліп қойындар! Жүректер тек Алланы еске алумен ғана тыныштық табады», – деп («Рағд» сүресі, 28-аят), тыныштық іздеген жан-дүниеміздің тек Алланы еске алумен, оған арнап құлшылық, ғибадат жасаумен тынышталатындығын білдірген, – деді имам Қайрат Отызбаев.

Өткен жылғы дерек бойынша қазақстандықтар астрологтар мен бақсы-балгерлер қызметіне 39 миллион теңге жұмсаған. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, кәсіпкер ретінде тіркелген астрологтардың ең көп табыс тапқан аймағы Астана қаласы. Көріпкелдер Астанада 25,3 млн теңге табыс тапқан. Ұйымның дерегіне, көріпкелдердің барлығының тіркеліп жұмыс істеуі екіталай, ал сауалнама барлық жеке кәсіпкерлерді қамтымаған, сондықтан табыс бұдан да жоғары болуы мүмкін.

Қазақстанда емші, көріпкелдердің жұмысын заңды тұрғыдан реттейтін арнайы заң жоқ. Демек елдегі көріпкел-бақсылардың қызметі заңмен реттелмеген. Ал бытыр Қырғызстанда бақсы-балгерлерді жарнамауға тыйым салынды.

Бақсы-балгерлерге деген сенім әлі жалғасып келеді. Бірі оларды алаяқ десе, енді бірі соңғы үмігін артады. Ғылым дамып, ақпарат қолжетімді болғанымен, адамдар әлі де болашағын болжап, тылсым күштен көмек сұрауға бейім. Бұл сенім бе, әлде сананы улау ма? Сіз ше, болашағыңызды балгерден сұрап ма едіңіз?

Әлия ТӘЖІБАЙ



Ақ парактағы армандар

«Қалауыңды қағазға жаз, қалай да нәтижесін береді!» Бұл кеңесті танымал тұлғалар мен қалталы кәсіпкерлерден жиі еститін боларсыз... Ендеше дәл осы тақырыпта ой толғап көрейік.

Адамзат тарихында ойдың һәм сөздің күші туралы көптеген пікір бар. Көне дәуір философиясынан бастап, қазіргі психологтар мен коучтерге дейін ойды қағазға түсірудің маңыздылығын ерекше атап өтеді.

Жазудың күші туралы түрлі көзқарастар бар: бірі мұны психологиялық әдіс деп қараса, енді бірі жазылған ойлардың орындалуын тылсым кұбылыспен байланыстырады. Ал шын мәнінде, қағазға жазудың артында нақты ғылым мен өмірлік тәжірибе жатыр. Бұл әдіс мотивацияны арттырумен қатар, адамның мақсатына жетуіне де ықпал етеді.

Қағазға жазылған ойлар орындала ма? Иә, бірақ бұл жай ғана сиқыр емес. Бұл – адамның санасы мен жүйелі әрекеттерінің нәтижесі. Психологияда «жазбаша аффирмация» және «визуализация» деген түсініктер бар. Ғалымдардың пайымдауынша, адам өз ойларын қағазға түсіргенде, санасы оны қабылдап, бейсаналы түрде жүзеге асыруға тырысады. Бұл құбылыс «бағдарланған назар теориясы» деп аталады.

Адам миы ақпаратты өңдеудің екі негізгі әдісін қолданады: ойша елестету және физикалық әрекеттер арқылы бекіту. Ойларды қағазға түсіру – осы екі процесті байланыстыратын көпір тәрізді.

Зерттеулерге сүйенсек тек ойша ғана мақсат қоятын адамдардың 25%-ы оған жетсе, ал қағазға жазған адамдардың 42%-ының ойға алғаны орындалады. Сондай-ақ нақты жоспар құрып, әрекет жасағандардың 75%-ы табысқа жететін көрінеді.

Көп адам арманын тек ойша сақтайды, бірақ қағазға түскен нәрсе жауапкершілікті арттырады. Бұл психологияда «сыртқы жауапкершілік қағидасы» деп аталады. Яғни, егер адам өз мақсатын тек ішінде сақтаса, оны ұмытып кетуі мүмкін. Ал қағазға жазса немесе оны басқа адамдарға айтса, оның орындалуына деген жауапкершілігі күшейеді.

Кейде адам өз армандарын ойша елестеткенмен, нақты әрекетке көше алмай жатады. Осы кезде қағазға жазу – алғашқы қадам жасауға, ойды нақтылауға көмектеседі. Мысалы, жай ғана «кәсіпкер болғым келеді» деп ойлағаннан гөрі, «Мен өз кәсібімді ашып, 2025 жылдың соңына дейін тұрақты табыс табымын» деп жазу адамға айқын мақсат береді. Сондай-ақ бұл әдіс мақсатыңызға жету үшін жүйелі жоспар құруға ықпал етеді әрі ішкі сенімдізді арттырады. Жазбаша түрде адам өз жолындағы кедергілерді де анық көріп, оларды жеңу жолдарын ойластырады.

Сала мамандарының айтуынша, тек жазып қою жеткіліксіз, оны жүзеге асыру үшін бірнеше қағиданы сақтау маңызды:

1. Арманыңды анық жаз. Не қалайтыныңды айқын көрсет. Мысалы, «Бай болғым келеді» дегеннен гөрі, «Келесі жылы айына 500 000 теңге табатын боламын» деп жазған абзалырақ.
2. Жоспар құр. Қай уақытта, қалай іске асырасың? Әрекетке көшу үшін қандай қадамдар қажет екенін анықтап жаз.
3. Көзге көрінетін жерге іліңіз. Күнделікті көзіңіз түсетін жерде тұрса, бұл миға сигнал береді. Ал ми әрекет жасауға ынталандырады.
4. Жетістіктерді белгіле. Әр орындалған қадамды белгілеп отыр. Бұл мотивацияны арттырады.
5. Әрекет етіңіз. Сенім мен әрекет қатар жүруі керек. Ойша сеніп отыру жеткіліксіз, нақты қадам жасау маңызды. Зерттеулер көрсеткендей, қағазға жазылған ойлар адамның миында ұзақ сақталады және бейсаналы түрде әрекет етуге итермелейді. Бұл неврологиядағы Ретикулярлық Активтендіру Жүйесі (РАЖ) арқылы түсіндіріледі. Ми маңызды ақпаратты автоматты түрде сүзгіден өткізеді, ал жазылған нәрселерді ми әлдеқайда маңызды деп қабылдайды.

Осылайша, егер сіз өз мақсатыңызды жазсаңыз, сіздің миыңыз оны жүзеге асыру жолдарын іздей бастайды.

Джеймс Пеннбейкер жазудың психотерапиялық әсерін зерттеген. Оның еңбектерінде жазу адамның эмоцияларын реттеуге, күйзелісті азайтуға және жалпы психологиялық әл-ауқатты жақсартуға көмектесетіні айтылады.

Сондай-ақ жазу технологиясының адам психикасына әсерін зерттеген танымал психологтардың бірі – Вирджиния Бернингер. Ол қолмен жазу мен пернетақтада терудің миға әсерін зерттеген және қолмен жазу когнитивті дамуға оң әсер ететінін дәлелдеген. Ол бастауыш сынып балаларын екі топқа бөліп, бақылау жүргізеді. Оқылған мазмұндаманы бірінші топтағы балалар компьютермен терсе, екінші топтағы балалар қолмен жазды. Нәтижесінде жиналған мәтіндерді талдау барысында қағазға жазылған шығармалар бай қиялмен және сөздік қолданыстың кендігімен танқалдырған. Профессор Бернингердің пікірінше, бұл жазу процесінде мидың белсенді жұмыс істеуінің айқын дәлелі.

Қағазға жазған ойлар шынымен де орындалуы мүмкін, бірақ бұл тек сенімге ғана емес, жүйелі әрекетке де байланысты. Жазу арқылы табысқа жетуден бөлек ішкі әлеміңізді, психологиялық жай-күйіңізді де реттеуге болады. Мәселен әлеуметтік желі арқылы елге танылған психолог, мотиватор Балкия Балтабай «жазу технологиясы» арқылы әлдекімге деген өкпе-реніштен де арылуға болатынын айтады. Ал сіздің көзқарасыңыз қандай?

Аружан ОРАЛБАЙ



ҒЫЛЫМИ ҒЫНТМАҚТАСТЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің делегациясы Оңтүстік Кореяның Сеул ұлттық және технология университетінде тәжірибе алмасты. Іссапар жасанды интеллект саласындағы заманауи технологияларды үйрену, тәжірибе жинақтау және ғылыми байланыстарды нығайтуға бағытталған.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Қазақстанда жоғары білімді интернационалдандыру және жасанды интеллект саласын дамыту бекетіне жүзеге асырады. Осы бағытта Жасанды интеллект институты мен SeoulTech университеті арасында қос дипломдық бағдарлама іске қосылды. Бұл бағдарлама студенттерге алғашқы екі жыл біздің университетте, кейінгі екі жыл SeoulTech білім алуға мүмкіндік береді. Осы бағдарламаны талапкерлерге ұсыну үшін корейлік университеттің тыныс-тіршілігімен, студенттердің өмірімен, жалпы корей мәдениетімен таныстық, – деді Жасанды интеллект институты директорының орынбасары Асхат Елтаев.

Асхат Талғатұлының айтуынша, SeoulTech-тың үлкен артықшылықтарының бірі – заманауи инновациялық технологиялармен жұмыс істейтін талантты ғалымдардың басын қоса білуі. Бұл тәжірибе университет үшін де маңызды үлгі болмақ. Сондай-ақ, сауа маманы Корея қоғамына бейімделу үшін корей тілін үйренудің маңызы өте зор екенін атап өтті.

Сеул ұлттық және технология университеті – әлемдік деңгейде танымал жетекші оқу орындарының бірі. Оқу орны жасанды интеллект, мәліметтерді өңдеу, нейрондық желілер мен машиналық оқыту салаларындағы ғылыми зерттеулермен белгілі. Корейлік ғалымдар мен университет қызметкерлері жасанды интеллекттің ауылшаруашылық саласында қолданылуын талқылады. Тәжірибе барысында делегация мүшелері зерттеулер мен практикалық тәжірибелерді менгеріп, өңірдегі ғылыми-тәжірибелік жұмыстарда қолдану үшін пайдалы білім алды.

«АЖ» ақпарат



ТАЕКВОНДО

ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІПТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Физикалық дайындықпен қатар мінезді қалыптастыратын, ерік-жігерді шыңдайтын үлкен мектеп – спорт. Әрбір спортшының жеңіс жолы өзінше ерекше, бірақ бәрін біріктіретін басты қағида – еңбек пен табандылық. Ал таеквандо осындай тәртіп пен шыдамдылықты талап ететін спорт түрі. Бұл өнер тек дене қозғалысын жетілдіріп қана қоймай, рухты шыңдап, өзін-өзі жеңуге үйретеді.

Спорт жөнінде бекерден-бекер айтады. Бүгінгі кейіпкеріміз Олжас Жұмаділ осы қағиданы өз өмірімен дәлелдеген жан. Бала кезінен бастап спортты серік еткен ол, бүгінде тек жеңістерге жетіп қоймай, өз шәкірттерін де тәртіп пен табандылыққа баулып келеді. Ол үшін таеквандо – жай ғана спорт емес, өмірлік жолдас. Жуырда сәті түсіп, Олжаспен спорттағы жолы мен ұстаздық тәжірибесі туралы әңгімелестік.

Олжас Роланұлы – Қызылорда облысының тумасы, 27 жаста. Ал таеквандомен 7 жасынан бастап айналысады.

– Спортқа деген қызығушылығым бала кезімнен басталды. Бұл шешіміме әкемнің ықпалы зор болды. Ол спортпен айналысқанымды қалады, қолдау көрсетіп, бағыт берді. Бір қызығы, алғашқы жарысым Өскеменде өтті, ал ең есте қалғаны – 2009 жылы Корея еліндегі кара белбеу иегері атанған сәтім. Кара белбеу – екінің бірін қолынан келе бермейтін биік мәртебе, ал оны таеквандонан отанында иелену, әрине, үлкен мақтан. Сол уақыттан бері күнделікті жаттығу мен тәртіпті ұстану өмірлік дағдыма айналды, – дейді ол.

Өмірінің жиырма жылға жуығын спортқа арнаған кейіпкеріміз бүгінде жаттықтырушы ретінде жұмыс істейді. – 2021 жылдан бастап бапкерлікке

бет бұрдым. Қазір 80-ге жуық шәкіртім бар, олардың 25-і қыз, 55-і ұл бала. Әрқайсысының қабілетін ескере отырып, жеке-жеке жаттығу бағдарламасын жасаймын. Басты мақсатым – балаларды тек спорттық шеберлікке үйрету емес, сонымен қатар оларды тәртіпке, төзімділікке, жауапкершілікке баулу.

Ең жас шәкіртім – небәрі 5 жаста. Оларды спортқа бейімдеуде алдымен жеңіл жаттығулардан бастаймын. Жалпы баланы спортқа 7 жасынан бастап берген дұрыс деп есептеймін. Бұл жас дене мен ақыл-ойдың үйлесімді дамуы үшін ең қолайлы кезең. Балалардың жас ерекшелігіне қарай жаттығу уақыты да әртүрлі болады. Мысалы, 6-7 жастағы балалар үшін жаттығу ұзақтығы 1 сағат 15 минут, ал үлкендер үшін 2 сағатқа дейін созылады. Жаттығу барысында тек физикалық дайындыққа ғана емес, тәрбиеге де мән беремін. Үлкен топтағыларға қиын жаттығуларды үйретемін. Бізде тек бірінғай жаттығу емес, арасында балаларды қуанып та тұрамыз.

Біз облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарда өзімізді сынап жүрміз. Жарыс – спортшылар үшін үлкен тәжірибе алаңы. Олар нағыз спорт атмосферасын сезінеді, қарсыласын құрметтеуді, өз мүмкіндіктерін бағалауды үйренеді. Сонымен қатар оқушыларыма өзімнің



жарыста қолданатын әдіс-тәсілдерімді үйретемін. Оқушыларымыз спорттық жетістіктері – мен үшін үлкен мақтан, – деп әңгімесін жалғайды Олжас.

Ал спорттағы жетістікке жетудің басты қағидасы қандай?

– Еңбек пен табандылық. Қандай салада болсын, жетістікке жету үшін ешқашан тоқтамау керек. Егер өз ісінді шын жүреппен жақсы көріп, оған бар ынтанды салсаң, ерте ме, кеш пе, нәтиже міндетті түрде болады. Мен шәкірттеріме әрдайым «Чемпион болу оңай, бірақ сол дәрежеге жету үшін көп еңбек керек. Жеңіс пен жеңіліс – спорттың ажырамас бөлігі. Ең бастысы – қарсыласыңнан болмай өзінді жеңу. Қандай жағдай болмасын, жігерліңді жасытып, әлсіздіктеріңді білдіртпедер» деп жиі айтып отырамын, – дейді кейіпкеріміз.

Оның айтуынша, таеквандо өзін табуға көмектескен жол.

– Таеквандо маған өзімді

табуға көмектесті. Осы жолда мені қолдаған отбасыма, ұстаздарым мен шәкірттеріме алғыс білдіремін. Спортты өмір мектебіне теңесем, қателеспеймін. Бұл жол маған тәртіпті, шыдамдылықты және өзін-өзі құрметтеуді үйретті. Сонымен қатар, спортшы ретінде ғана емес, тұлға ретінде қалыптасуыма ықпал етті. Физикалық дайындықтан бөлек, психологиялық тұрғыдан да мықты болуға үйрендім. Өйткені жарыста жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Ең бастысы – әр жеңілістен сабақ алып, келесі жарысқа сеніммен қадам басу, – деді Олжас Жұмаділ.

Расымен, спорт – адамды шыңдайтын алаң. Ал біз бапкерге сәттілік тілеп, жағымды һәм жақсы жаңалықтар күтетінімізді айтып, сұхбатты тәмамдадық.

Дипнара ЖҰМАДІЛ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті